


*Қоңыр күз келді*

Индәкс 75579

*Қоңырқай күзде қалпырап пал,  
Палаптың паты пауысады.  
Сарғайған асыл жаттырақпаф  
Созады сары саусағын.*



**Жас өркен**  
**Қостанай**  
e-mail:mediacentr\_kgu@mail.ru

**Жаңа оқу жылы  
құтты болсын!**



**5**  
**2015**

# Бекет Өтетілеуов

Өтетілеуов Бекет — ақын, аудармашы, ағартушы, педагог. 01.07.1883 жылы Қостанай облысына қарасты Обаған ауданында туды — 09.07.1949 жылы сонда көз жұмған. Екі класты орыс-қазақ мектебінде, кейіннен мұғалімдер баярлайтын курста оқыған. 1907 жылдан өмірінің соңына дейін ұстаздық қызметпен айналысқан.

1923 — 1925 жылдары Қостанайда Б.Алтынсарин ашқан, кейін Қазкоммуна аталған мектепте меңгеруші. 1925 — 1929 жылдары округтік оқу комитетінің төрағасы. 1930 — 1949 жылдары орыс тілінің мұғалімі болды. Өтетілеуов Ыбырай салған ағартушылық жолды жалғастыра жүріп, аудармашылық, жазушылықпен де шұғылданды.

“Дүние ісі ахиретке кетпес” атты тұңғыш кітабы 1912 жылы Қазанда жарық көрді. Онда ақынның екі дастаны бар. Келесі кітабы “Жиған-терген” 1914 жылы Орынборда басылып шықты. Оған “Қазақтың надан байлары мен нашар көршілері және ғалымдық пен надандық”, “Данышпан қаза”, т.б. шығармаларымен қатар Хемницерден “Құмырсқа мен дән”, Пушкиннен “Көктемнің келуі”, Жуковскийден “Шұған жер”, Лермонтовтан “Үш бәйтерек”, Крыловтан 15 мысал аудармалары енген. Осы кітаптардан кейін Бекет Өтетілеуов жазушылықты біржола қойып, педагогтік қызметпен айналысқан.

Ағартушының барлық саналы өмірі мектеп ісіне, шәкірт тәрбиелеуге арналды. Жазушы Жайсаңбек Молдағалиев «Өмірімнің бар мақсаты шәкірттерім болған соң, қимай жүрмін соларды» деген сөзді ұстаз аузынан талай естігені туралы тебірене жазады.

Осы орайда Бекеттің екі шәкіртінің есімін атасақ та жеткілікті. Оның бірі көрнекті сөз зергері Ғабит Мүсірепов, енді бірі көрнекті қоғам қайраткері Ильяс Омаров.

Ғабит Мүсірепов «Автобиографиялық әңгімесінде» Бекеттің сабақ бергенін тамсана жазып: «Қандай іске кіріссең де таза қолмен кіріс дегенді көбірек айтушы еді. Шақтаға барып есеп шығарғаннан кейін, болмаса, жазуға отырағанда біз ылыми қолымызды жуып әдетпендік. Оның айтатыны бұл ғана емесігін мен кейінірек аңғардым. Қолың таза болуы шынында да көп нәрсені аңғартпай ма?» — дейді.

## Тарихи суреттер



Сексенінші жылдар

Қазақстанның халық жазушысы Мәриям Хакімжанова Қостанайға келген сапарында.

Солдан оңға қарай: жазушы Сапабек Әсіп, Мәриям апа және ақын Ақылбек Шаяхмет.

## Жау болған дерт...

Осыдан бір-екі ай бұрын Алматы қаласының вокзалында отырмын. Тұмау тиіп, мұрын бітіп, быт-шыт боп отырған жайым бар. Айналам у-шу, бірін-бірі итеріп, әйтеуір бір жаққа асығып бара жатқан адамдарда жұмысым жоқ. Менде болса тек “мына бір билетті алып, тезірек кетсем екен” деген ой. “Әй, ауру” деген дауыс құлағымға оқтай қадалды да қойды. “Ауру” деп отырғаны мен емес пе екен деп селт еттім. Сөйтсем, вокзал қызметкері үсті — басы кір бір мас кісіні қуып жатыр екен.

Мұны не үшін айтып отырмын?! Адамдарға кеңес беріп, бұл немесе осыған ұқсас оқиғалардың мән — жайын ашатындай мен психолог маманы емеспін. Дегенмен, “Осы адамдарға не жетіспейді?”, Олардың соншалықты ішімдікке салынатындай не себеп бар” деген сұрақтар көкейімнен кетпеді.

Бір кездері білдей бір мекемелердің басқарушылары болып, осы бір “40 градусқа деген махаббаттан” үй-күйінен, жұмысынан, бала-шағасынан

да айырылып жатқаны да құпия емес. Енді үйленіп, үй болып, басына кішкене қиындық түссе болды ер мінездік танытып, болған істі мойнымен көтеудің орнына, бөтелке көмегімен шешетін жігіттеріміз де бар. Дастарханға қоятын асқа табылмайтын ақша, темекі мен араққа табылады сондайларда. Сөздің шыны керек, көп жағдайда ата-бабамыз “жынды су” деп атап кеткен осы бір ішімдік болмаса еш мерей-тойымыз өтпейтін тәрізді. Ең өкініштісі, дәстүрімізді көздің қарашығындай сақтайды деп сеніп жүрген, өз немерелерімен қатар жастармен жарысып ішіп жүрген үлкен кісілеріміз де бар. Әрине, көпке топырақ шашып, ақыл айтатын мен емес. Әйтсе де, бұл өзімдік пікірім, жан-айқайым. Барымызды бөтелкеге салып, бабаларымыз қызғыштай қорғаған шаңырағымызды шайқалтып алмайық дегенім. Жау болған осы бір дерттен арылайық, емделейік, жазылайық.

Жұпар Қожахметова

## РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

11000, Қостанай қаласы,  
А.Байтұрсынов көшесі,  
47-үй, 220 бөлме.  
Медиа – студия.  
“Жас өркен - Қостанай”  
журналының редакциясы.  
Байланыс телефондары:  
қалааралық  
8-7142-51-11-67,  
Факс 51-11-95  
Ұялы 8(701) 1509443

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, кері қайтармайды. Журналдың қажетті сандарын редакциядан сатып алуға болады.

Бағасы келісімді.  
«Жас өркен-Қостанай» журналына демеушілік көрсетем деушілерге мына есеп-шотымызды ұсынамыз: РМҚК «А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті» ИИК KZ83856000000079688 РНН 391700052352, БИН 990240005319 БИК КСJBKZKX РНН банка 391700078345 БИН банка:980841000472 Кбе 16

Журнал редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп «Қостанайполиграфия» ЖШС баспаханасында басылды. 110007, Қостанай қаласы, С.Мәуленов көшесі, 16. Басуға 28.09.15 ж. қол қойылды. Көлемі 32 бет, Офсеттік басылым. Тапсырыс № 4604 Таралымы 1200 дана.

Баспахана түпнұсқасы нашар суреттердің сапасына жауап бермейді.

Журнал 2003 жылғы 28 қаңтардан шыға бастады

# Жас өркен Қостанай

№ 5(78) қыркүйек-қазан 2015 жыл



Әйнекке әлдене сарт ете түскен. Сөйтсек, құстың бір аяғы жансызданып мертігіп құлаған екен, жайдан-жай адамдарға жоламайды ғой. Бауырым оны әуелі ваннадағы жылы суға екеп салды, ем-дом жасады, тіпті аяғына массаждың да көмегі тиді. Көгершін біраз күн балалардың ойыншық көрзеңкесінде бауыр басып тынығып жатты, жақсы күтім көрді. Сор шықпай, бақ қонбас. Соңы қайыр болды, інім құсты өз қолымен далаға ұшырып жіберген, өзі оның әуелеп ұша жөнелгеніне риза болып оралды. Қызық, көгершіндер қаланың құсына қашан айналды екен? Олар елдің аяғына оратылғандай қаптап жүргені.

Жазғы нәсерден соңғы шалшық су біздің бес қабатты биік үйдің маңында тартылып, тоқымдай жер батпаққа айналып қойылып кетті. Соған үйелеген бір жас көгершінді алдымен балалар көрді, балмұздақ алуға шыққан бетіміз сол еді. Қарасам, құстың көзі ғана қозғалып, өзі милықтап жатқан сыңайы бар. Тағы студент інімді көмекке жұмсадым, өйткені құсты шалшықтан суырып алу да оңай шаруа емес. Ұмытпасам, ол аяғына әдейі етік киіп алды ғой деймін, шалшықтың көлемі недәуір болатын. Сұмдық болғанда, бұл құстың да қасіреті қаптап кеткен автомобильдердің кесірінен туған көрінеді, батпаққа өзі қонбай, аңадайдан құлап түскені сөтінеп қалған бірнеше тал қауырсынынан білінген. Құстың жүнінің түбіне дейін баттасқан балшығын кранның суы өздер тазалады, құдай оңдағанда, ол автомобильдің теміріне жеңіл соғылған екен. Балконда күн шуағында, түнде ваннада біраз күн жем жегізіп, бағып-қақтық.

Бұл құс та тез-ақ қанат қағып кетті, бақ пен сордың арасы бір-ақ қадам екен. Жұмыртқадан жарылғанда өзі бақытты құс болып туса керек.

Соңғы кезде қала көшелерінен машина обалына қалған құстарды емес, итті де көрдім. Жақсылықтың нышаны еместігін жүрегім сезеді, өйткені тірі мақұлықты абайсызда көрмей қалған, я болмаса әдейі басып өте шыққан жүргізушінің өзара ауысып тұратын бақтан жеріп, сорды өзімен ілестіріп әкеткеніне еш күмән келтіруден аулақпын. Парктың қасындағы гүл сататын алаңда ішек-қарны ырсып, сойдиган жарадан қан аққан қара ит асфальтта жансыз сұлап жатты. Ал жағалай тізілген ұзыннан ұзақ қарама-қарсы киоскілердің алдындағы екі қатардағы ұзынмойын әлпақ сауыттар жайқалып хош иісті, әдемі гүлдерге толы. Шетелдік марка мінген байшікеш қауымның біреуі гүл алуға бұрылғанда әлгі иттің ажа-

лы болып жабысқан. Гүл базардың қасында ит өлімі, мұнысы қисынсыз әрі мағынасыз. Гүл аңқыған дүние, бірақ қаңғыған мына иттің обалы көне? Ырымшыл басым, бұл қанды көріністі көргенімнің өзінен ептеп шошындым. Сынықтан басқаның бәрі жұғады деуші еді, бұл қырсықтың лаңынан құдай сақтасын.

Осының бәрі бір басыма азшылық қылғандай жақында тағы бір өлі кептерді подьездің алдынан басып кете жаздағаным, мұндай оқиғалардың сирейтін түрі көрінбеді. Баспалдақтың дәл аяқ басар тұсында қарауытып бірдеңе жатқанын бірден аңдамадым, қас қарайған кезде жұмыстан келе жатып, оқы ыршып түстім. Құс екенін көрісімен шалажансар емес пе екен деп тексердім. Бұның да құрттай аяғы көктен келіпті, арқасымен жатыр. Қолымнан келген бақ жұлжытып қойдым, кісі аяғы баспайтын жерге арырақ жылжытып қойдым. Әуелінде құсты тері биялайыммен түртіп ұстауға жүрегім дауламаған, мұншалық су жүрек екенімді білмеппін. Бұл дүниеде өліп жатқан жұдырықтай құсты ұстап көру дегеннің сұмдық тітіркендіретінін бірнеше еңкейіп, бекерге әрекет қылып, ұстауға дәтім бармағанда бірақ білдім. Ақыры екі-үш қадам жерге аяғыммен жылжытып апаруға тура келгені, мұның да еш сүйкімі жоқ, теуіп, қорлап жатқандай ауыр екен. Бұл құстың бір аяғы ғана бар болды, екінші аяғын қандай қаскөй жұлып алғанын бір құдай біледі. Және мұның да бір қанаты түбімен жоқ. Құсқа қанатсыз тіршіліктің қажеті қанша.

Ертесінде таңертеңгілік сағат сегіз болмай балаларды іргедегі мектепке апарарда әдейілеп қарап едім, құс жым-жылас жоғалыпты. Түк болмағандай. Ит әкетті ме, әлде адамның қолы олжалады ма, ол жағы тұман. Бірақ оған жан бітіп өздігінен ұшып кетпегенін анық білемін.

Балаларға ештеңе деген жоқпын, олар тек бес қабатты үйдің кіре берісінде шашылған бірнеше тал қарырсндарды көріп, «Мама, мынаны қарашы» деп аянышпен айтты.

Айтпақшы, биылғы оразада мешітке барғанда пітір садақа берген соң аспан мен жердің арасында байланып тұрған оразам қабыл болды деп көңілім орнығып шыққан. Ораза ұстауды жаңа жүзжылдықтан бір жыл бұрын, ғасырдың басында бастағанымға шексіз ризамын. Мен өзі ырымшыл адаммын. Жолшыбай алдымнан ақ көгершіндер кездестірsem де жақсылыққа жорудан еш жалыққан емеспін.



**МЕНШІК ИЕСІ:**

Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

**АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:**

Кенжеғали САҒАДИЕВ (төраға)  
Төлен ӘБДІКОВ  
Хұсайын УӘЛИЕВ

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

Ақылбек ШАЯХМЕТ  
Медиа-студия менгерушісі

Қымбат ДОСЖАНОВА  
шығарушы редактор

Жадра ЖУЛМУХАМЕТОВА  
менеджер-дизайнер

Гүлнұр КӘКІМБЕК  
бас маман

Журнал ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 2002 жылы 18 қарашада тіркеліп, 3386-Ж куәлігі берілген. Екі айда бір шығады. Редакцияға келіп түскен хаттар әдеби өңделеді, қысқартылады, ойы сақталып түзетіледі. Көлемі үш компьютерлік беттен асқан материалдар қабылданбайды.

## Қош келдің, жас түлек!

*Өмір - шын мәнінде шытырман оқиғаға толы. Ертең алдымызда не күтіп тұрғаны бәрімізге де әңгімбақ. Сол әңгімбақ өмірден тек қана жақсылықты көріп, көңілді өмір сүрейік және*

*Мәңгі оқу жылын жақсы өткізуге тырысайық, достар!*

*Ұзақ демалыстан кейінгі әсеріміз өзгеше шығар. Мәңгі оқу жылы, мәңгі деп, мәңгі өмір, ең бастысы мәңгі студенттер. Уя, ия 1 курс студенттерін айтып отырмын. Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетіне қадау басқан бұл студенттердің арманы жоқ, болар бәлкім. Сапалы білім беру мәңгісі мен қарынды жастар бізде ғана. Ең сүйкімді, ең мейірімді, ең қарапайым ең бастысы, білікті де білігір, ұлағатты ұстаздар да осында. Ендеше, армандар орындалатын ордаға қош келдің, жас түлек!*

*Бұл жерде көрегінің бәрі де бар. Тек қалауыңды анықтасаң болғаны. Ең бастысы студенттік өмірді нағыз студентше өткізу. Әрине, білім алу бірінші орында.*

*«Өзің сен, өзінді алып шығар, Еңбегің мен ақылың екі жақтан» дегеніміз Абай атамыз. Ендеше тек қана өзімізге, өз білімімізге сенейік. Мәңгі оқу жылы жаағылды мәңгіліктерге толы болғай. Сәттілік саған, студент!*

Арайлым ҚҰЛТАЕВА

журналистика мамандығының 2 курс студенті

## Басты мақсат – сауықтыру



Асқар Нәметов,  
ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті ең алдымен жоғарғы оқу орынында сыбайлас жемқорлыққа қарсы түсінікті қалыптастыру жүйесінен бастағанды жөн көрдік. Қазақстан Совет үкіметінен кейінгі кеңістікте бірінші болып 1998 жылдың шілде айында сыбайлас жемқорлықпен күрес заңы қабылданды және халықаралық конвенцияларға қосылды. Сыбайлас жемқорлық жалпы қылмыспен қатар Қазақстанда мемлекеттік билік және қоғам үшін өте қауіпті екенін барлығымыз да білеміз. Ел Президенті Н.Ә. Назарбаев мемлекеттік негізгі басымдылықтарының арасында сыбайлас жемқорлықпен күресті нақты да белгіледі. Сыбайлас жемқорлықпен күрестің мемлекеттік бағдарламалары қабылданды. Осы бағдарламаларды іске асыру аясында сыбайлас жемқорлық қылмыстарының пайда болуының себептері мен жағдайын жою жөніндегі нақты шаралар белгіленді. Біздің университет Республикада алғашқы болып «Жоғары оқу жүйесінде жемқорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастыру тұжырымдамасын» 2014 жылы қабылдады. Әр оқу жылына арналған оқу-тақырыптық жоспарға сәйкес барлық факультеттерде құқықтық жалпы оқыту жүргізіледі. Жыл сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және ҚР мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексін сақтау бой-

ынша іс-шаралар жоспары әзірленіп бекітіледі.

«Жемқорлыққа қарсы күресті күшейту шаралары қаншалықты деңгейде жүріп жатыр?» деген сауалға жауап іздейтін болсақ, А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ-да жемқорлыққа қарсы күресті күшейту шаралары Қазақстан Республикасының жемқорлыққа қарсы заңнамаларына, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың бағдарламасына сәйкес орындалады. Студент жастардың отаншылдық тәрбиесін қамсыздандыру, олардың абырой, қарыз, ел келешегіне жауапкершіліктерін арттыру, жемқорлыққа төзбестікті тәрбиелеу үшін «Студенттің абырой кодексі», «Оқытушының абырой кодексі», «Қызыметкердің абырой кодексі» әзірленген. Тұжырымдамада жемқорлықтың пайда болу салдарын жою, оған негіз болған алғы шарттарды болдырмау, сыбайластық байқалған жағдайда оның нәтижесін жұмсарту секілді бағыттар көзделген. Университеттің, ректораттың және Ғылыми кеңестің жұмыс жоспарларында жемқорлықтың басын ашу, оның алдын-алу, тыю шаралары қарастырылған. Осы бағытта университетте Ар-намыс кеңесі, ректордың, проректорлардың, факультет декандарының виртуальды қабылдау бөлмелері жұмыс жасайды, университеттің барлық бөлімшелерінде арыз – ұсыныс жәшіктері орналасқан.

Жұмысқа қабылдау кезінде тамыр-таныстық болмас үшін профессор-оқытушылар құрамы бос орынға үміткер болған кезде, олардың барлығы конкурстан өтіп барып қабылданады. 2006 жылдан бастап ҚМУ-да профессор-оқытушылар құрамы жұмысына сарапшылықтың рейтингтің жүйесі баға береді. Оның нәтижесі бойынша профессор-оқытушылар құрамының жалақыларына қосымша үстемақы қосылады. Оқытушылардың жұмысын бағалау мақсатында студенттер арасында сауалнамалар өткізіледі.

ҚМУ әкімшілігі электрондық ректорат жұмысын да жолға қойған. Ол жариялылықты қамсыздандыруының, нақты менеджменттің персоналмен жұмыс жасауын және халыққа «электрондық үкіметтің» бағдарламасы жіберетін қызметтерді атқарудың тетігі болып табылады. Университетте білім тексерудің және емтихан білімін сараптаудың құрастырмалы-рейтингтің жүйесі енгізілген. Университеттің барлық мамандықтары кредиттік технология жүйесінде қызмет атқарады.

тегін болмаған. Оның артық есігінен атып шығып, құсты қауіп-қатерден жолдан ары алып қою табанда басыма келуін келгенмен қозғала қоймадым. Мұны менен өзге тағы біреу істеуі бек мүмкін ғой. Көрсөкыр болмаса. Әйтеуір, арқандап тастаған құлша бұйығы күйден арылмадым, ғаріп, мүсәпір құс үшін селт етпегенім жалған ба. Сол бір қас-қағым сәтте жол үстінде мөлііп отырған жұдырықтай құстың бір түйір дәндей момын жүрегі атқақтай соғып, жаһанды жарып жіберердей болып күйзеліп мені, бір мені ғана күтіп жатқанын пақыр басым сезсеші... сәулесіз емес едім, бірақ бір нәмқұрайдылық албастыдай басқан екен, сол қор қылды. Неге? Әуелгі мейірбан ойдың жанашыр, һаділ ой екенін біле тұра тырп етпедім. Құсты құтқарып қалудың еш қиындығы жоқ болатын. Оның қандай түйсікке қамалып сорлап жатқанын енді мен ғой, он сегіз мың ғаламнан іздеп табу жоқ. Әйтеуір, ол қозғала алмай жансызданып, тұтылып отырғаны айқын. Былтыр қыста мен тап осындай оқиғаға айнытпай кездескенмін. Соңғы мезгілде үлгі құстарға килігетінімді неге жоруға білмей далмын. Шынтауайтында, бұл бір белгі.

Жаңа жылдан кейін аяз күшейгенде кітапханаға кетіп бара жатып жолдың арғы бетінен кесіп өте бергенде бір көгершінді көтеріп алдым. Оның автомобильге ұрылып ұшып түскен мезеті сол болса керек. Мойны мүлде қайырылып қалыпты, қисайып бұрыла береді, мына түрімен маған құс өліп қалатын тәрізді көрінді. Мұндайды қазақ мал болмайды деуші еді.

Үлкен жолдың екі ортасында дәліздей ашық жер бар, жалпақ трасса бойы, қозғалыс қарама-қарсы екі бағытта өтуге әдейі екі бөлек параллель жол жасалған. Тым құрыса, көгершін сорлы жөнімен өлсін деп аяп жол ортасындағы алаңқайға қойып кеттім. Оның көп ұзамай өліп қалатынына тіптен күмәнім болмаған.

Арада дөңгеленіп бір тәулік өткенде әлгі тұстан тағы өтіп бара жатсам жүрегім мұздап сала берді – кешегі құсым әлі өлмепті, сол мен қойған орнында моладай томпайып отыр. Қар жапалақтап төпеп тұр, қалың жауып құсты көміп тастайтыны сөзсіз. Өзінің мойны ептеп түзелгендей көрінгенмен, сынық сүйем жылжи да, қозғала да алмай жатқаны айдан анық. Әдеттегі қаңғыған ит пен аш мысық та алмаған, тек мылқау аяз-арқадан, бауырдан теспей сорып, қыс тозақтай тоңдырған, сау-тамтығын қалдырмаған, сірә. «Бейшара-ай, түнімен қайтіп шыдап жаттың?» – деп күбірледім мен, өзіме-өзім наразылық меңдеп. Ашық далада қыстыгүні жер бауырлап 24 сағат қар үстінде тапжылмай қауқарсыз, сүйегіне дейін үсік шалып, нәр татпай қоршылықта жатқаны жанымға қатты батып кетті. Тірідей көрге салғандай. Құсты шапшаң жерден көтеріп алып кеудеме басып үйге келдім. Подъездің сыртқы темір есігін кілтпен тез аша алмай қолым қалтырап әурелендім.

Үйдегілер көк құстың бір күн аязда қалғанын естігенде аяныш білдірді, менен кеше көрген болсаң неге алмағансың деп сұрады. Дерев ас бөлмедегі жылу батареясының дәл түбіне линолеум үстіне қойдық. Енді анықтап көрдік, қанатының біреуі жоқ, мойны да бұрыла береді. Ол бірнеше сағаттан соң зорға дегенде біраз су ішіп, нанның үгіндісін жеген болды. «Сен құдай қаласа дәрігерлікті биыл бітіресің, мына құсты емдеп жазың» – дедім мен бірге туған студент бауырыма. Биған құсты қолына алып қараған, ашып ештеңе айтпаса да, оның сенімсіздікпен қараған көзқарасынан құстың ұзақ

тұрмасын ұқтым. Көңілге медет жалғыз нәрсе – әйтеуір жылы жерде жатыр. Менің балаларым ерен мез, енді құс біздікі, сен оны далаға тастама, ешқайда әкетуші болма, – дейді. Назке құсқа ілезде аққубаша балапан деп ат қойып үлгерді. Балкен кептердің басынан сипалап еркелеткісі бар. Айналшақтап маңынан шықпай қойған соң мазасын алмаңдар, обал болады, ұйықтасың, оңалсың – деп үгіттеп әзер көндірдім. Бәрібір ауық-ауық екеуі жүгіріп келіп көріп кетеді, алты жасқа енді толған балақайлар ғой, құсқа қамқорлық қылғысы кеп жанығады. Оларға бәрі қызық. Құстың жаны бар, жайы жоқ. Жалт-жұлт қорғаншақтап қараған бұршақтың дәніндей көзінен ұдайы үркіп, шошынып, қиналып жатқан кейпін алғашында байқасам да, соңынан құс электр жарығына да, қасындағы тоңазытқыштың гүріліне де бойы үйренді. Оның халін ауырсынаатын еш білінбеген дыбыс жоқ, тысыр жоқ, картон қораптың ішінде бұйығып жатады. Екі қызым оның астына қуыршақтарының жұмсақ көрпешесін әуелден төсеп қойған. Бірақ өлетін құс екен, екі күннен соң өліп қалды.

Мен түнгі он екіге таман оңаша жазу жазып отырдым – жұмыстың денін балалар ұйықтаған кезге қалдырамын, сонымен қатар ас бөлмесі – менің жазу орным да. Алдымен қорап тесірілген, сондықтан осынау момақан құс өлетін кезде жұлынбай қалған сау қанатын қаққыштап қатты тыпырлағанын көзіммен көрдім. Құс әлде жантәсілім бере ме деп ойлауым мұң, солай боп шықты. Өткен түнде біртүрлі ауыр демалып жатыр еді, алдындағы асқа тұмсығын тигізбеген, ал суға ептеп шылаған болды. Құс өлгенде аяғы көкпен келіп, бір түрлі бүрісіп кетеді ғой, өлгені аяғынан білінді. Қалайша арқасына аунап кеткенін де сезбей қалдым. Кішкентай аяқтары ажары тайып, шыбықтай жіңішке, үш айыр бұтақ тәрізді жоғары төңкеріліп қалыпты. Ол үш күн тірі жатты, бірақ жарақатынан құса шеккенін үнсіз көтерді. Адамдар сабыр мен төзімділікті бәрібір үйрене алмайды. Құстың мәрткенін көре сала әу баста пана болуға жарамадым. Бәлкім, ол қанаты сынғаннан емес, суық тиіп өліп қалды. Тым құрыса, адамзаттың тасжүректігін емес, аз ғана мейірін сезіп кетті бұл құс. Бірақ, бұлайша ақталудың қажеті қанша. Қысқы азапқа душар болған бейбақ құстың бұрқыраған қауырсындары жол үстінде шашылып қалғанын көзім көрді. Бүгінгінің адамдары деғдарлыққа түкіргені бар. Оның маңынан сол күні менірейген, мелшиген қайырсыз талай жан өтті. Соның бірі өзім емес пе едім? Олардың ешқайсысы автомобиль жолын кесіп өткенде бір ұыс құс баласын көзіне ілмеген кейіп танытқаны өтірік емес.

Таңертеңгілік картон қорапшаны үйден алып шығарда екі қызым кемсеңдеп жылап жіберді. Балалар жәндік атаулының бәрін сүйеді, әрине, ересектердің өзіншілдігі балалыққа жат қылық.

– Қой, жаман ырым бастама, балам, – деп екеуінің құлағына кезек-кезек сыбырлады.

Екеуі әйтпесе, шынымен озандауға даяр тұр. Мұны көргенде шешем қойындар, ол құстың жүрімі сол бізден жазық жоқ, жылама, жаман болады, – деп екеуіне ұрысты.

Баланың ойлау қисыны мығым болады, аққубаша балапан деп атау қайдан ойларына көлді екен, мұншалық деп болар ма!

Әйткенмен біздің пәтерден екі көгершін сауығып ұшқаны бар. Бірі күзде, бірі жазда. Күзгі құс тере-зеге ұшып келіп, өзі соқтығып, балконға құлап түсті.

## ҚҰС әңгіме



**Айгүл Кемелбай**

жиілетуге болар еді ғой.

Қаланың оң жағалауындағы Тінібай мешіті үйден қашық емес, тек тікесінен қия тартпай, үлкен көшемен ұзынынан келіп, оңға бұрылсаң болды. Бір жол бар алыс, алыс та болса жақын деген сөздің құдіретін өткен жазда сезіндім.

Жеке меншік кірпіш үйлердің маңынан қаңғыған бір топ ит ыстықтан марғау шоғырланып, жұмсақ топырақта аунап жатыр екен. Таяқ тастам жерден жүрегім тас төбеме шығып, құдайыма сыйынып тез өте шықтым. Мешітке апаратын соқпақ атаулының кедергісі кесірсіз екенін қауіптен ұзаған сайын мойындасам керек.

Алайда биылғы оразада көңілім Орталық үлкен мешітке баруға ауып, алып ұшты. Көктен себелеген қар ұшқынын ағылған мол автомобильдердің кедірлі-бүдірлі дөңгелектері ілесе жұлып әкетеді. Сол себепті жылан жалағандай ақты қара жұтқан. Кенет мен құсты көрдім. Сол құстың дәл өзі. Және тағы оны тек мен ғана көрдім, менен өзге адамдардың ешбірі оған назар салмақ түгілі, тесіле қараса да көрмес еді. Тіпті олардың оған құлқы да, зауқы да жоқ екеніне шүбәсізбін. Өйткені құс былай қараса мүлдем жоқ болатын. Елес терізді. Мен болсам оның анық сол құс екенін жазбай таныдым, бәлкім, оны құрбандыққа қиып тастап кеткеннің бірі тап өзім болған соң еш жалтара алмадым. Оны бедірейген қарасұр асфальтқа тақтайдай етіп тегістеп тастапты. Түйсіксіз, ымырасыз жөнет оның бір уыс денесін жерге көріп, шегелеп, сөйтіп жазалағаннан айнымайды. Мұнымен христиандық тұспалға ұқсап шыққаны ма сонда, көгершін де қозыдай жуас, момын құс емес пе еді. Сондай-ақ, әлдеқашан жол үстіне тапталып кеуіп қалған өлі құстың сұлбасы көзіме гербты һәм балалардың аппликациясын елестетті. Бұл дүниеде метафораның шегі жоқ екенін енді аңдадым. Құстың қос қанаты бір жағына ғана қайрылмапты, аспанда азат ұшып бара жатқандай, кәдімгі кітаптың қос парағындай шалқасынан ашылып жатыр. Тегі ол өліп бара жатқанда да самғап ұша жөнелуге зар мүсепі кейпінде қалған-ау. Әлде гүрлдеп төнген темір тажалдан қорғанбаққа көкке көтерілмекке ақырғы рет талпынған күйі мерт болған. Үміттің ажалдан араша күтпегі нәліктен. Көз айырмай қадалған сайын құстың бір жапырақ денесінен бір қадам

алшақ басы бөлек жатқанын топшылады. Құс біртұтас тапталған деуге орналасу қалыбы мен бедері рұқсат бермеді. Сонда қалай, сорлы құстың бармақтай басын зілбауыр дөңгелектер қиып тастап, оны серпе лақтыра апарып сәл арырақ жаншыған ғой. Келер мезетте сүйегі қарайып, өзі жермен-жекпен болған, бірақ мүрдедегі қос қанатының қауырсындары табиғи қалпын жоғалтпаған құстың мойнындағы құбылған жасыл реңнің құдіреті оңайшылықпен өшпейтіні маған әбден мәлім болды. Өлген адамның сүйегі қурағанмен шашы шірімейді деп айтатыны есіме оралды. Кептер құстың мойын тұсын орап тұратын жасыл түске гауһар тастың сәулесін жалатып қойған табанына, елдің аяқ астына деп тұсы бола тұра сол бояуын ештеңе өшіре алмапты. Әйтпесе мойынның тұсы екенін жасылданған қою, нурлы көркінен білмегенде қайдан білуші едім. Жаз жамалында қалада көгіршіндер ұя басарда мойыны жуанданып гүрлдегенде дірілдеп, үлбіреп, біресе торсыып, біресе басылып, ойнақшып құбылатын. Сонда айналасындағы өмір бейқам һәм маңғаз манаурап, бесіктегі нәрестеше бейбіт мүлгіп сала беретін.

Енді сол әсем тылсым түсті үйірлі жылқы жануарлардың жабайы дүбірін ұрлаған автомобильдердің түтінді салмағы түгілі адуын күннің ызғары, өрепкіген өкпек жел мен кезбе ажал қосылып мүлдем құртып, жойып жіберуге дәрменсіз екенін танытты. Құстың қос қанаты таудағы тасты жарып өскен бірер түп өсімдікке және ұқсайды. Бірақ бұл мені ерекше сұқтандырған да, қамықтырған да жоқ, жарық дүниені түбі бір қайғы алып тынарын арғымағымнан айрылғаннан бері көшпенді санамнан әркез өшірген емеспін. Сөйте тұра мынау жүрнағы көркем құсты тұспалдап, ишара ретінде қабылдаудан түк шықпасына көк аспаң күн мен ай, құс жолы куә. Ал бұл құсты тірісінде осыдан қанша уақыт бұрын көргенімді тіпті де есіме түсіре алсамшы. Бір ай бұрын ма, тамызда ма, қыркүйекте ме, бұйырмасың сол сәттің дедектей жөнелетін әурешіліктің қай қатпарында қалғанын. Адам баласы әншейінде фәнидегі жел аударған қаңбақтай домалайды әрі мұнысын әрнеге үлгердім деп масайрайды.

Көк кептерлердің қара жолдың тақырынан да жем іздеп жанап ұшатыны жаман, соның біреуі машинаға соғылып, қанатын зақымдап алса керек. Көшедегі толасы бір тыншымас қозғалыс төнген сайын мөлііп қозғала қоймаған Сол мөрте – асыққан шәйтан ісі, көзіме контактілі линзамды тағып шықпағаныма өкінгендей боламын. Маршрутты таксилер лық толы болған сайын наразы пейілмен автобустың отыруға тура келді, әсіресе, ескілерін жақтырмаушы едім. Автобустар жүргіншілерді ұзақ тосады, мұндайда адамның рухын жаншитындай әлденесі бар. Құстың ашық жол үстінде қалғанын автобустың отыраңда барып зорға көрдім. Алдымен жерден көзіме бұлдырап бірдеңе шалынды. Үздіксіз жұмыстан ерекше қалжырап жүрген кезім, қағазбастылықтан миым ашып кетпесе де, адамша демалудың кезеңі әлдеқашан, әлденеше орам болып өтіп кеткені мейлінше айқын құбылысқа айналған.

Автобус асығатын түрі көрінбеді. Сөмкемнен көзәйнегімді алып қарағанда – құстың ұша алмай сұлқ отырғанын сонда көрдім. Автобус шбандап тұрғаны

Студенттің білімін тексеру жүйесі бес кезеңдік семестрлік аттестациядан тұрады. Қазақстан тарихынан және мамандық бойынша мемлекеттік емтихандарда студенттердің білімінің сарапшылығына субъективті ықпалды болдырмайтын бланктік тестілеу әдісі қолданылады. Бұл әдіс ұлттық тестілеу орталығы технологиясы негізінде өзіміздің бағдарламашылар жасаған жүйе арқылы өткізіледі. Ал ағымдағы басқа емтихандарға екі оқытушының қатысуы міндетті. Студенттер мен магистранттардың дипломдық жұмыстарын және магистрлік диссертацияларын біздің университет қызметкерлері жасаған «Антиплагиат» жүйесі тексеруден өткізеді. Оның нәтижесі бойынша жұмыстарды қорғауға жіберу туралы шешім қабылданады.

«Жемқорлыққа қарсы күрес негіздері» атты элективтік курс барлық мамандықтарда өткізіледі. Сонымен бірге жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері кафедралар отырыстарында қарастырылып, заңгерлермен кездесулер өткізіледі. Студенттермен әр сессия аяғында, түлектермен диплом алар алдында жемқорлық фактілері туралы арнайы сауалнама өткізіледі. Олардың нәтижелері бөлімшелер мен университет кеңесінің отырыстарында қарастырылып, қажетті жағдайларда шешімдер қабылданады.

Барлық факультеттер мәжілістерінде құқық бұзушылық мәселелері қарастырылатын студенттік қоғамдық құрылымдар студенттердің ар-намыс кеңестері құрылған.

Деканаттармен тығыз байланыстағы студенттік деканаттар және старосталар мен студенттік автономияның буындары жұмыс істейді. Университетте басқа да құрылымдар - Жастар бастамасы орталығы, студенттер Альянсы, студенттердің ар-намыс кеңестері, студенттердің өзін-өзі басқару ұйымдары жемқорлыққа қарсы күреске жұмылдырылған. 2006-2007 оқу жылынан бастап заң факультетінде, 2009 жылдан барлық факультеттерде Қамқоршылық кеңестері қызмет атқарады. Олар оқу үрдісін ұйымдастыру мен басқа да қолғабыстарымен қатар жемқорлыққа қарсы шаралар өткізуге ат салысады.

Әрине, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес талаптары қаншама күшейгенімен заңды айналып өтудің түрлі айла-шарғылары әдетте сан құбылып, жиі өзгеріп келеді. Заң талабы түзу болғанымен, оның тетіктері қоғамда әрқашан да терең ойластырылып, жаңғыртылып отыруды қажет етеді. Бұл тарапта заңгерлердің әрекеті мәселені шешуде аздық етеді. Сондықтан да оқу орнының профессор-оқытушылар құрамы ауызбірлік танытып, күш біріктіре отырып қызмет жасалуы қажет.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлт жоспары - бес институционалдық реформаны жүзеге асыру бойынша нақты 100 қадам» бағдарламасын басшылыққа ала отырып, жемқорлықтың алдын алу және сауықтыру жұмысын жетілдіре түсуге күш салатын боламыз.



# ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ ТУРАЛЫ



**Алмасбек Әбсадықов,**  
Ахмет Байтұрсынұев атындағы  
ҚМУ проректоры, филология  
ғылымдарының докторы

Бізге Кеңес дәуірінен қалыптасқан үлгі бойынша, білім маусымы 1 қыркүйектен басталып, 25 мамырда аяқталады. Одан кейін оқушылар 3 айлық жазғы демалысқа шығады. Бұған қоса оқу мерзімінің арасында жалпы көлемі 3-4 аптаға жететін тоқсан аралық (күзгі, қысқы, көктемгі) демалыстар бар. Сонда біздің оқушылар үшін жыл он екі айдың 4 айы, яғни 3/1 демалыс күндері болып келеді екен.

Қазіргі жүйедегі үрдістің таза оқу апталығы – 34 апта немесе алтыкүндік оқу кестесі бойынша, 204 (34\*6) күн. Бұған мерекелік демалыс күндерін қосыңыз. Оның ұзын саны, оқушылардың қысқы демалысымен тұспа-тұс келетін Жаңа жыл мен Рождество мерекесін және көктемгі демалысқа дәл келетін Наурыз мейрамын қоспағанда, 8 күн. Олай болатын болса, 204 күннен 8 күнді тағы шегеріп, 196 күн деп санауға тура келеді. Бұл да шегерудің соңы емес. Егер мереке күні демалыс күніне тура келсе, мерекелік күндер туралы заң бойынша, тағы бір күн қосылады. Сонымен орта есеппен, біздің оқушылар 32,6 апта оқиды.

Білім саласы сарапшыларының пікірінше, дамушы елдердің негізінде кеңестік жүйеден шыққан елдердің білім жүйесінде оқушылардың

демалыс күндерінің мерзімі көп. Екінші сөзбен айтқанда, біздің оқушыларымыз дамыған елдердің оқушы балаларына қарағанда аз оқиды, керісінше, көп демалды. Осы жерден сұрақ туындайды: бәлкім, біздің дамушы елдер қатарынан дамыған елдің тобына қосыла алмай жүрген себебіміздің де бір ұшығы осында жатқан шығар? Мүмкін біздер бәсекеге қабілеттілікті балалық шақтан дайындайтын мерзімді демалыс күндерімен шегеріп, шектеп жүрген жоқпыз ба?

Ендігі кезекте осы төңірекке ой тамызығын тұтатайық. Алдымен, оқу маусымының не себептен күзде басталатынына назар аударайық.

Білім маусымын күз айы кіргеннен бастау кеңестік дәуірдің 30-жылдарынан орныға бастаған екен. Оқушы балалардың жаз айында ұзақ демалатын себебінің сырын патшалық Ресейдің аграрлық ел ретінде қалыптасқан экономикалық жағдайынан іздеу қажет. Патшалық Ресей тұсында жаз айларында оқушылар мектеп қабырғасына тартылмаған. Өйткені сол кездегі тұрмыстың ауырлығына байланысты жас балалар күн көрістің қамымен егін немесе мал өсірумен айналысатын ата-аналарына көмектесетін. Басқаша айтсақ, мектеп жасындағы бала жаз айларында егін немесе мал шаруашылығымен тікелей айналысып немесе оны қосымша күнкөріс ретінде тұтынып жүрген ата-анасына (бүгінгі күннің сөзімен айтсақ, өзін-өзі қамтамасыз етіп жүрген азаматтарға) егін салу, оны жинау, шөп шабу, мал бағу сынды жұмыстарына қолғабыс етіп, өз жәрдемің тигізетін болған. Бұл сол тұстағы мешәу қалған экономиканың болмысынан туындаған қажеттілік, тұрмыс тауқыметі болды.

Кеңестік дәуір тұсында ауылдық жерлерде осы дәстүр сол күйінде қалып, тек қаланың балалары жаз айларында пионерлік лагерлерге жіберілетін болды. Міне, бүгінгі тәуелсіз Қазақстан да сол

қалыптасқан үлгі негізінде келе жатыр. Бұл үлгіден бас тартып, бұрынғы кеңес жүйесінің «шаланынан» шығып жатқан елдер де бар. Олар - Балтық жағалауы елдері мен Грузия мемлекеті.

Қысқасы, біздерге кеңес кезеңінен қалған үлгі тиімді ма, әлде тиімсіз бе? Бірінші, стратегиялық тұрғыдан сараптайық. Жұмыр жер бетіндегі жұртпен білім-ғылым, өнер, дәулет жолындағы тартыс бәсекесіне араласып, ДСҰ-ға кірген ұзақ жылдарға бағытталған «Қазақстан – 2050» Стратегиясында 30 озық елдің қатарында болуды мақсат еткен біздерге әрідегі патшалық Ресей мен бергі кеңес дәуірі тұсындағы ескі дәстүрді ары қарай жалғастыру экономикалық және оқу үрдісін ұйымдастыру тұрғысынан тиімсіз. Индустриалды-инновациялық экономиканы тереңдетіп дамытуға бет бұрған бүгінгі Қазақстан үшін аграрлық экономика тұсында қалыптасқан дәстүрден кеңестік жүйедегі бірізділік қасаңдылықтан арылу керек.

Дамыған мемлекеттердің (АҚШ, Батыс Еуропа, Шығыс Азия) тәжірибесі көрсетіп отырғандай, білім жүйесі экономикалық дамудың негізгі дегіне бағытталмаған ел дамудың алғы шебінде бола алмайды. Олардың экономикасы не нәрсеге сүйенеді? Әрине, бұл орайда алдымен ауызға ілінер сөз - инновация мен технология. Озық елдер өз экономикасын жаңашыл инновация мен тиімді технологиялар арқылы дамытып отыр. Ал ол ұғымдар өз кезегінде білім мен ғылымға сүйенеді.

«Баланы жастан» дегендей, дамыған елдерде оқушылардың білімін ұзақ демалыссыз, аз-аздан болса да үздіксіз дамытып отыру көзделген. Бұл тұста, қазақтың «Оқу - інмен құдық қазғандай» деген мақалы тіл ұшына оралады. «Інмен құдық қазу» - білім алу жолында үздіксіз іздену. Білім беру саласының ұстаздары жақсы біледі: білім аз-маздап үздіксіз, жүйелі және кідіріссіз (ұзақ мерзімге ұласатын демалыссыз) үйренсе, бойға сіңімді, ойда ұзақ сақталады. Сан жылғы тәжірибе көрсетіп жүргендей, бірнеше айға созылған жазғы дема-

# Бір ел - бір тағдыр

Бирел - бір тағдыр...

Бұл сөздер жазылып жатқанда барша еліміз Қазақстан халықтарының кезекті Ассамблеясын күтуде болатын. Сол күнге жетісімен мерейлі Ассамблеяның сессиясында түгелдей халыққа үндеу болған басты сөздер айтылды: «Қазақстанның 2050 стратегиясы: бір халық-бір ел-бір тағдыр». Айтарлықтай нәрсе, Қазақстан халықтарының Ассамблеясы еліміздегі Бірлік күні мерекесімен тұспа-тұс келді. Елбасы мәртебесі мен



міндеттерінің бір парасы жыл сайын халқына арналған Жолдауын жариялау болып табылады. Жолдау болса әрбір қазақстандық асыға күтетін құбылысқа айналды. Жолдаулардың мәні мен мазмұны, ересі мен құрылымы тереңдеген сайын еліміздің іргелі ел болып, өркендеуі шапшаңдағанын, елдің өсуімен бірге Жолдаулар да кемелденгенін байқаймыз. Жаңа әлемдегі жана Қазақстан бәсекеге қабілеттілік, еркін экономика, ұлт тағдыры, еліміздің қазіргі әлемдегі беделін нығайту жолында өзектілігін жойған емес.

Біздің жерлесіміз, академик Манаш Қозыбаев «Тәуелсіздік жолы – үміт жолы» деген мақаласында: «Ел азаматтары даудың жолына түсті, сөйтіп жаудың қолына түсті. Бодан болған халықты жоңғар, өзбек биледі, қамырша иледі, ел азды, сарбаз тозды» – деп тарихи шындықты шымбайға батырып, шыжғырып тұрып айтқан еді. Қазіргі уақытта өз қолымыз өз аузымызға жетіп, еліміз еркіндіктің дәмін татты, көк байрағымыз көкке көтерілді. Әнұранымызды шырқап айтып, Отанымыз десе мақтанатын болдық.

Елбасы стратегия аясындағы басты мақсаттың, түп мүдденің, армандай болашақтың берер жемісінің сыны мен сырын ашып берді. Сөз жоқ, Қазақстан халықтарының Ассамблеясы атқарған іргелі жұмыстар Отанымызды көркейтудегі басты нышанға айналды. Жолаушының мақсаты-жет, саудагердің мақсаты-ұту, аурудың мақсаты-сауығу, шаршағанның мақсаты-тынығу... Осының барлығын қосатын, жай қосып қана қоймай, қоғамға, мемлекетке шарапатын тигізетін жолды ұсыну қас кемелдің ғана қолынан келеді. Барша халыққа арқау болған үндеудің негізін салушы елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өзі. Он жеті миллион азаматтың стратегиясы – болашаққа апарар жолдың, тарихи мәдени мұраның іргетасының бастауы. Ассамблея барлық халықтардың талғамдарын қорғаушы, біріккен құндылықтардың реттеушісі болып табылады. Қайсыбір елдің азаматы болу – сол елді мекен еткен әр адамның тағдыры. Адам баласы өз талғамына сәйкес таңдау жасауға құқылы, біздер

болсақ, сол таңдауды жасадық. Өзімізді отандас, тағдырлас қылған да сол таңдау. Өйткені Отанымыз, жеріміз, еліміз бір- ол тәуелсіз Қазақстан. Қазақстан халықтарының Ассамблеясындағы Елбасының айтылған сөздері бар азаматтарға демеу болды.

Нұрсұлтан Әбішұлы айтып кеткендей, оның негізгі үш қағидасы бар. Біріншіден, бұл біздің ортақ тарихымыз. Тарих толқынындағы деректі мәселерге жүгініп, өткен қателікті болдыртпауға тырысу. Екіншіден, бұл Қазақстанда тұратын

барлық этностардың ортақ құндылықтары. Үшіншіден, барлығымызға да тірек – ортақ мақатымыз, кемел болашағымыз. Тұғырлы тәуелсіздікке ие болған соң, ел азаматтары ақылдаса отырып өз таңдауын тапты, өз ғұмырына мақсат қылып қойған түйінді шешті.

Еліміз өркендеу барысында басынан талайды өткерді, талай империялардың құлауының күегері болды, еркіндік үшін шайқасты, дағдарыс кезеңінен өтіп те шықты. Бұның барлығына қарамастан еліміз өсіп, еркіндігін, елдігін нығайтады, біріге мақсатқа ұмтылып, сол мақсаттың жүзеге асуына жетеді. Өсіп-өніп қана қоймай, беделін арттырады, күш жинайды. «Бір ел-бір тағдыр» тақырыбының өзі Елбасымыз жариялаған Отанымызда бірлікті орнатып, оны сақтау, сонымен қатар гүлдендіре берудің принциптері біздің болашақта емін-еркін өмір сүру жайлы түсінігімізді арттырады.

2015 жылды Елбасымыз Ассамблея жылы деп жариялады. Қазақстан халқы Ассамблеясының XXI сессиясында Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «XXI ғасырдың ең басты заңы - татулық. Татулық пен тыныштық арқылы экономикамыз өседі, әл – ауқатымыз күшейеді, бейбітшілік орнайды. Біз келісім мәдениетін дәстүр ретінде ұрпаққа мұра етіп қалдыруымыз керек» - деп айрықша атап өткен болатын.

Республиканың түкпір-түкпіріндегі, әр өңірдегі барлық этникалық топтардың мәдениеті мен өнерін, салт-дәстүрі мен тілін дамытуға бағытталған жарқын істер көңіл қуантады. Өйткені, бұл Қазақстан халқының ортақ тарихи-мәдени мол мұрасы ғана емес, бұл біздің кемел келешегіміз бен асыл қазынамыз, ынтымақ-бірлігіміздің кепілі. Бұл бағытта татулық пен бірліктің ордасына айналған этно-мәдени бірлестік өкілдері ауқымды істер атқаруда. Ал, осы игі істердің негізгі ұйтқысы біздің қазақ халқы.

**Сәбина Сартова,**  
**Ыбырай Алтынсарин атындағы дарынды**  
**балаларға арналған мектеп-интернаттың 11**  
**сынып оқушысы. Қостанай қаласы**

# Бәрінен де сен сұлу...

*Қай заманда болса да қыз атаулы әрқашан үлкен Жайнап Жүреге тырысады. Бет әлпетін еңдеп, дене пішінінің ерлулығына да ерекше көңіл бөледі. Енді киімдер киіп, әртүрлі әшекейлер тағады. Ал, біздің заманымызда қыздар тек қана ерлу емес, басқалардан ақылды, әрі айырықша көркем болуға тырысады. Жыл сайын өтетін ерлулық байқаулары да осыған дәлел. Университетаралық, қалааралық, мемлекетаралық байқаулар Жетін Жатыр. Осы байқауларда бірінші орынға ие болатын бойжеткендер неге біреуге ұнаса, екіншісіне ұнамайды? Ал әлем байқауларын дағындырған аруларға келетін болсақ, «ең әдемі» деген атаққа ие болған биіктерде әркімнің көңілінен шыға бермейді ғой. Сонда қалай? Әділ қазылардың әділетсіз болғаны ма?! Әлде ерлулық та әркімнің талғамына байланысты ма? Мүмкін ерлулық стандарты әртүрлі шығар?*

**Перизат ЖҰМАБЕК, журналист:**

Сұлу деген сөздің өзі үлкен бір ғаламды шарлаған, үлкен сөз іспетті. Адамдар қазір сұлулықты екі мағынада тусінуді қалдырды. Сұлулық тек тән сұлулығы сияқты. Адам тек жан-дүниесімен ғана сұлуланады. Жаның сұлу болса, алынбайтын қамал жоқ. Адамзат осы бір екі ұғымдағы сөзді көп шатастырып алмаса екен!

**Жадыра ЖАНТЫҚБАЕВА, филолог:**

Сұлулықты тілмен жеткізу мүмкін емес, көп жігіттеріміз сұлулық келбетте емес, жүректе деп бірақ, бірінші назары келбетке кетіп қалатын жайымыз бар, сұлулық деп мән имандылық пен ибалықты қатар ұстай білетін, көздері нұрға толы, жаны таза, қазақылығымен баурайтын нәзік туындыны айтар едім.

**Эльмира ЕГІЗБАЙ, журналист:**

Сұлулық адам жанын марқайтатын, көзін қуантатын, тамсанып, тәнті ететін, таңырқататын, сүйсіндіретін көрініс, қимыл-әрекет, пішін немесе ой-қиялдың жемісі. Солардың ішіндегі ең кереметі- қоғам мен табиғаттың ерекше перзенті — адам, соның сұлулығы. Бірақ, "сұлулық бетте емес жүректе" деген сөзді тілге тиек етуге болады. Небір ажарлы, көрікті, сұлу адамдар бар, бірақ, олардың да өттеген-ай дейтін тұстары жетерлік. Кейбіреулер түр жағынан әп-әдемі болса да, мінез жағынан басқаша. Міне, осыдан жүзі жалтырағанның бәрі әдемі деп

саналмайды. Әрине, өзі сұлу, өзі көрікті, бой десе бойы, ой десе ойы бар, мінезі жұмсақ, сабырлы т.б. жақсы қасиеттерді бойына жинаған мейірімді жандар баршылық.

Адам ешқашан өзіне қараудан жалықпайтын шығар. Сарапшылардың зерттеуіне зер салсақ:

- 18-24 жас аралығындағы қыз-жігіттердің 51 пайызы күніне 10-12 ретке дейін айнаға қарайды екен;
- 25-34 жас аралығындағы жастардың 44 пайызы айнаға жиі үңіледі;
- 35-44 жас аралығындағылардың ішінде 33 пайызы ғана айнадан алыстай қоймайды;
- 45-54 жас аралығындағы ханымдар мен мырзалардың 9,4 пайызы айнаға қарау әдетіне адалдық танытады;
- 54 жастан асқандар көбінесе күніне бір мәрте ғана айнаға қарайтын көрінеді.

Бір қызығы, қыз-келіншектер жағы айнаға бетін, көзін, кірпіктерін тақап, жеке-жеке қараса, ер адамдар тұла бойына толық қарағанды жөн санады екен. Қалай дегенімен, сұлулық тек беттің тегістігімен, көздің әдемілігімен, тістің түзулігімен өлшенбейді. Сұлу адам деп нағыз көркем мінез иесін айтатының естен шығармайық.

**Жұпар Қожахметова,  
журналистика мамандығының  
3 курс студенті**

лыстан келген оқушы білім теңізіне қайта малтығу және оқу ырғағына, тәртібіне қайта көңдігі үшін кемінде екі апта уақыт кетеді. Мұны барлығымыз білеміз, бірақ оған көзжұма қарап, нәмқұрайылық танытып жүрміз.

Екіншіден жаңа оқу жылын бастау мерзімін Қазақстанның ішкі мәселесі тұрғысынан қарастырайық. Жаз айында ата-анасына көмектесіп жүрген бірең-саран оқушылар ауылдан табылмаса, бүгінгі таңда қалада ондай оқушыны шам алып іздесең де, таба алмайсың. Оған басты себеп – технологияның қарыштап дамуынан әлемнің экономикалық болмысы мүлдем өзгеріп, әртүрлі салаларда тұжырымдарлар жүзеге асып жатқан бүгінгі бөлек келбет. Бұрын аграрлық экономикасы басым болған Қазақстан индустриалдық кезеңге түбегейлі бет бұрып, тұрғындардың қалаларға жиналуы, яғни урбанизация үрдісі қарқын алып тұр. Аталмыш үрдіс біздің алдағы дамуымыздың бағыт-бағдарын, соның ішінде оқу жүйесін басқаша бағамдау керектігін талап етеді.

Қазіргі таңда ата-аналар оқушы балаларының оқу жүктемесінің көптігіне және бір аптадағы алтыкүндік оқу мерзіміне шағым жасайды. Шынымен де, солай. Оны шешудің жолы қалай? Шешудің жолы – жазғы демалыс мерзімін қысқарта отырып, оқу мерзімін ұзарту, оқу апталығын бескүндікке көшіру. Мұны қалай жүзеге асыруға болады?

Кездеген мақсатқа жетудің төте жолы - оқу маусымын қыркүйектен бастамай, бір ай бұрын тамыздан бастау. Ұзартқан оқу мерзімі арасындағы қыс айларындағы тоқсандық демалысты ұлғайту. Осылайша, ауа-райы қолайлы, мамыражай жаз бен қоңыр күз айларында екі тоқсанды игеріп алып (жарты жыл), оқушыларды жаңа жылдың алдында кемінде үш апта болатын қысқы демалысқа шығару. Сол арқылы жаңа жыл алдында болатын қарбаласты демалыс шеңберіне кіргізуге болады. Бұл – бір.

Екіншіден, Қазақстанның солтүстігінде қыс айларында күннің суықтығынан мектеп оқушылары апталап сабақтан қалып қоятын кездері жиі болып тұрады. Қалып қойған сабақтарды қуып жетеміз деп ұстаздар оқушыларға тапсырманы үйіп-төгеді. Ақырында, шамадан тыс берілген тапсырмалар жарым-жартылай орындалып, оқушының білім қоржыны толмайды. Оның соңы екі жаққа да – ұстазға да, оқушыға

да тиімсіз. Бір-бірін алдау болып шығады. Қысқы ұзақ демалысты аяз қысып, боран соғатын желтоқсанның соңы мен қаңтар айына орайластырып, аталмыш қолайсыздықтың әсерін азайтуға әбден болады.

Жаңа оқу маусымын тамыз айынан бастау арқылы ұстаздардың алтыкүндік жұмыс күнін бескүндікке ауыстыруға болады. Аптасына екі күн тыныққан мұғалім, өзге мамандық иелеріндей, жаз айларында 30 күндік заңды демалысқа ие болады. Бескүндік жұмыс күні мұғалімдерге өз білімін жетілдіруге, шығармашылықпен айналысуға кең мүмкіндік беріп, ері денсаулығын сақтауға септігін тигізсе, оқушыларға түрлі үйірмелерге еркін қатысуға жағдай тудырады. Болмаса, бескүндік пен алтыкүндікті өзара араластыруға болады. Мысалы, күн жылы, жарығы ұзақ бірінші (тамыз, қыркүйек, қазан айларында) мен төртінші (сәуір, мамыр айларында) тоқсанда алтыкүндік кестемен, ал жарық көзі қысқа екінші (қазан, қараша, желтоқсан) мен үшінші (қаңтар, ақпан, наурыз) тоқсанда бескүндік оқу аптасын белгілеуге болады. Бұл тұста мұғалімдердің демалысы 40 күн шеңберінде болып, оны олар жағдайдың барысына қарай екі бөліп (қыс-жаз) алуына да болады.

Қысқы мезгілінде бескүндік оқу кестесіне көшу және оқушыларға күннің көзі қырауда ұзақ демалыс беру - экономикалық тұрғыдан да тиімді. Әлемде экономикалық дағдарыс тереңдеп, оның салдары елімізге қатты әсер етіп жатқан кезеңде біздер Қазақстанның географиялық орналасуын, ауа-райының ерекшелігін оңтайлы пайдалана білуіміз қажет-ақ. Ең алдымен қыс мезгілінде жылдан-жылға қымбаттап бара жатқан жылу мен электр жарығын үнемдеуге мүмкіндік туып, оқушыларға қысқы демалысты Қазақстанның оңтүстігіндегі жылы аймақта ұйымдастыру арқылы (қысқы лагерьлер), ішкі туризмді күшейтуге жол ашылады. Әсіресе, оңтүстіктің таулы аймағындағы шаңғы спорты дамыған курортты аймақты (Алматы, Шымкент) ерекше өркендетуге болады. Сонымен қатар ұстаздардың біліктілігін көтеретін курстарын да қысқы демалыс кезінде жүзеге асыруға болады. Қазақтың қарапайым мәтелімен айтсақ, құда да - тыныш, құдағи да - тыныш. Сабақ үрдісіне де кедергі, мұғалімнің алаңдауына да негіз жоқ.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні: Қазақстанға жаңа оқу мау-

сымын 1 тамыздан бастап, 31 мамырдан аяқтау пайдалы. Бір жылда (365/7) 52 апта барын ескеріп, оны оқу маусымы мен демалыс апталарына бөлсек, мынадай сипат көрініс алады:

**I тоқсан – 10 апта оқу, 1 апта күзгі демалыс;**

**II тоқсан – 10 апта оқу, кемінде 3 апта қысқы демалыс;**

**III тоқсан - 9 апта оқу, 1 апта көктемгі демалыс;**

**IV тоқсан - 9 апта оқу, 9 апта жазғы демалыс.**

**Барлығы – 38 оқу, 14 демалыс аптасы.**

Аталмыш 38 оқу аптасының қақ жартысын алтыкүндік (I, IV тоқсандар), екінші жартысын (II, III тоқсандар) бескүндік кестемен оқығанда, біздің оқушылар 209 күн (19\*6+19\*5=209) оқитын болады. Қазіргі 34 апталық жүйедегі 204 күннен бар болғаны 5 күнге артық, бірақ оның есесіне қыс күндерінің ауа-райына байланысты сабақ оқылмайтын күндер азаяды, жарты жыл бес күн оқығандықтан оқу жүктемесі мұғалімге де, оқушыға да жеңілденеді, біліктілікті көтеруге, шығармашылықпен, спортпен, ғылыми ізденістермен шұғылдануға қолайлы жағдай туындайды, бір сыныптан екінші сыныпқа көшкен кезеңдегі өтпелі уақыттың (өткенді еске түсіру, қайталау және жас организмді қайтадан оқу ырғағына, тәртіпке көндіру) мерзімі қысқарады, ал мектеп жылу мен жарықты үнемдейді, еліміз қысқы туризмді дамытуға мүмкіндік алады.

Тоқсандық мерзімдердің бірыңғайлығы (стандарттылығы) оқу бағдарламаларын жоспарлауға, оны сабақ кестесіне қоюға да ыңғайлы. Оқу апталарын ұзартатын Елбасының бастамасымен жасалған «100 нақты қадам» Ұлт жоспарында белгіленген көптілділікке қатысты қадамды, яғни ағылшын тілі пәнінің сағатын ұлғайтуға және ағылшын тілінде жүретін пәнінің санын арттыруға зор мүмкіндіктер ашылады. Бұл орайда, біздер еліміздің алдағы белестерде 12 жылдық оқу мерзіміне көшетінін де ескеріп отырымыз. Айта берсек, әлі де айтылатын ойлар қатары мол. Алғашқы ойтанымыз осымен доғарғымыз келеді. Айтылған пікірлер үкіметке де, ұстаздар қауымына да алдағы уақытта ақылдасып, келісіп пішілген ойларға азық, айтыс-тартысқа безбен болар деп сенеміз... Ақ әзірше, Білім күні құтты болсын қадірлі ағайын!

# ДӘСТЕМНАМА

тарихи дастаннан үзінді

## Дәстем сал Қарабасұлы

(жалғасы, басы № 4 санда)

Құмар боп жұртты жаулауға  
Дегендей бізді сен байқа.  
Шыңғысты қатты қолдапты,  
Бұл аталған төрт тайпа.  
Тоқтаған жері Шыңғыстың,  
Еділдің Қалқа саласы,  
Қайтыс болған сол жерде,  
Есуқай бектің баласы,  
Жерленген жері Шыңғыстың,  
Қалқа өзені жағасы.  
Өлгенде оны көмгендер,  
Табылмай кеткен моласы,  
Ханы қайтыс болған соң,  
Татардың көңілі торықты.  
Сүбітайдай сардары,  
Тоқтатқан созбай жорықты.  
Маңғұл, бұлғар, мешерлер,  
Мекендеп шаһар Қазанды,  
Салдырып сонда мешіті,  
Молдасы айтқан азанды.  
Ер жеткеше Батихан,  
Бастамай татар соғысты.  
Иемденді берік ұстап,  
Өздері алған қонысты.  
Айалы сардар Сүбітай,  
Алдын болжап шолыпты.  
Еділдің екі жағына,  
Сол шақта татар толыпты.  
Көп жұртқа зиян шектірген,  
Шыңғысханның соғысы.  
Әлі күнге бос жатыр,  
Ежелгі маңғұл қонысы.  
Бос қалған татар жерлері,  
Аңдардың қазір мекені.  
Мәшһүр болды баршаға,

Иесіз аймақ екені.  
Ескер, барын, барабы,  
Құрлаш, сұңқар қарабаш,  
Бұлар да татар тайпасы,  
Сібірде тұрған аралас.  
Осы алты елі татардың,  
Астана еткен Түменді.  
Мекендеген жерлері,  
Есіл, Ертіс, Тобылдың,  
Тұтасар жері төменгі.  
Қазақ, естек, естектер,  
Кәми, манса, қанттар да,  
Қоныс қылып Сібірді.  
Көрші қылып Сібірді,  
Көрші тұрған татарға,  
Осы елдерге хан болды,  
Шыңғыс ханның ұрпағы,  
Бақыты асқан ұл болды,  
Жәдігер деген сұңқары,  
Татар сұлтан Жәдігер,  
Салмаса да тас қамал,  
Ор қаздырып әр жерден,  
Қорқануға етті амал.  
Сібірлік түрік жұртына,  
Жәдігер жайлы хан болды.  
Дақ түсірмей ғұрпына,  
Айтқаны оның заң болды.  
Жәдігер ханның сардары,  
Орта жүз Керей Еламан,  
Жәдігер билеп тұрғанда,  
Ел-жұрттың болды басы аман.  
Жәдігер өліп орнына,  
Көшім сұлтан хан болды.  
Ол да Шыңғыс ұрпағы,  
Ақылға күші сай болды.  
Жәдігер де, Көшім де,  
Татардың белді сұлтаны.  
Шыңғыс ханның тұсынан,

Татарлар болды ел ұлтанды.  
Хан болған соң Көшім ер,  
Түменнен әрі Тобылда,  
Өз ордасын қондырды,  
Тоғайлы, сулы орманға.  
Жасыл ала ту тігіп,  
Ауылын хан жайнатты.  
Еламан ұлы Сейдекті  
Бас уәзір сайлатты.  
Жармақ сұмға ер Сейдек,  
Шық десе де жекпе-жек,  
Алыстан барып оқ атып,  
Келмей қойған қашып шет.  
Ұрысқа қамдап қауымын,  
Батыр мен би, бегі де  
Кетті деп жауға күйінді,  
Мұсылманның кегі де.  
Бермеу үшін қонысты,  
Татарға қазақ болысыт.  
Көрген түсін сардарлар,  
Жақсылыққа жорысты.  
Қазақтың ордабасы\*,  
Дәулен батыр дер екен.  
Керей-Уақ кесемі,  
Дәулен асқан ер екен.  
Өз түсінде сол Дәулен,  
Мұсылманға бел екен.  
Жармаққа қарсы соғыста,  
Ерлігі оның көп екен.  
Орта жүз Керей-Уақтар,  
Жармақпен қарсы соғысқа.  
Естекке де, татарға,  
Олар шындап болысқан.  
Естектің биі Шалабай,\*  
Қазақтың бегі – ер Дәулен,  
Жармақты бөгеу соғысып,  
Қарсы тұрды көлденең.  
Соғысам деп Көшіммен,



# Домбыра кеші көңілді

Әр бейсенбі сайын бас қосып,  
домбыраға қосылып ән айту, күй  
тарту бүгінгі жастар арасында  
әдемі дәстүрге айналды. Бұл іс-  
шара "Домбыра - party" деп ата-  
лады. Яғни, домбыра кеші. Ең  
кереметі, ұлттық аспапты, ұлттық  
өнерді насихаттауға арналған  
шара республикамыздың әр  
аймағында бірдей уақытта баста-  
лады. Ешқандай саяси астары  
жоқ, өнерге асық, әнге ғашық  
жастар жиналатын кеш Қостанай  
қаласында да өтті. Алаш ардақтысы  
Ахмет Байтұрсынов атындағы  
орталық алаңға жиналған көпшілік  
домбыра, гитара аспаптарымен  
ән айтты, күй тартты. Бір топ  
замандастарымыздың сол күні



лады. «Қаражорға» билеп, шынайы  
кошеметтерін білдіріп жатқандар  
да табылып жатты.

Жалпы "Домбыра - party"-дің  
осыдан екі жыл бұрын Қостанай  
қаласында өтуіне журналист  
Қымбат Досжанова үлес қосқан бо-  
латын. Сонымен қатар жоғары оқу  
орындарының пікірсайысшылары  
мен студенттерінің де үлесі көп  
болды. Ең бастысы республикалық  
деңгейдегі еріктілердің іс-  
шарасы Тобыл топырағында да  
ұйымдастырылып жатқанына  
қуаныштымыз. Домбыра кешіне  
асығатын қыз-жігіттерге мың  
алғыс!

Жанболат КЕНЖЕҒҰЛ

жаңбырға қарамастан  
"Домбыра - party"-ға кел-  
геніне шын қуандым.  
Ұлттық аспап пен қазақтың  
халық әндеріне жана-  
шыр жастардың бар екені  
қандай жақсы.

Домбыра кешінде ҚМУ-  
дың студенті Ботагөз  
«Аққу» күйін нақышына  
келтіріп орындады. Бұл  
күй тыңдармандарға «Қыз  
Жібек» фильмі арқылы  
таныс. Дәл осы күйді  
тартқанда көрермендер  
арасынан бейтаныс  
апай көзіне жас алды.  
Кейбір өзге ұлт өкілдері іс-  
шараны қызыға тамаша-





# Менің таңдауым - журналистика

Журналист мамандығы – қиындығы мен қызығы мол, жан-жақты болуды талап ететін жауапты сала. Өз шығармашылығы арқылы қоғамға да, адамға да қызмет ететін, қашан да шындықты айтатын, жаңалықтармен бірінші хабардар болатын кәсіп иесі.

Журналист болу – бұл мақсаткер, талапшыл, ұшқыр тілді болу деген сөз. Қоғамда болып жатқан құбылыстарды зерттеп-зерделеу барысында өзінің күші мен уақытын аямай, шынайы, сүйікті оқырмандарын табатын дәрежеге жеткенде ғана нағыз журналист бола аласың. Қаламың мен қағазың арқылы қорғансыздарға пана болып, біреуге үміт пен сенім сыйлаған сәтте бұл мамандықтың құдіретін сезінуге болады. Осындай мамандық иесінің жыл сайын артуы, әрине, қуантарлық жәйт.

Журналистика – әр адамның қолынан келе бермейтін, төзімділікті, еңбекқорлықты талап ететін мамандық. Осындай мамандық иесі атану – менің бала кезгі арманым. Теледидардан сөздің майын тамызатын шебер журналистерді көргенде қызыға да қызғана қарайтынмын.



Осылайша мен журналистерге тән төзімділікті, еңбекқорлықты өз бойымнан іздей бастадым. Сондықтан бала күнгі арманымға жету үшін А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетін таңдадым.

Менің арманым жәй ғана журналист болу емес, қоғамға керекті, атқарған қызметімен үлгі болар, нағыз кәсіп иесі атану. Мен үшін алда кездесетін қиыншылықтар мен сәтсіздіктер маңызды емес. Маңыздысы сол қиыншылықтарға қарсы тұрып, төтеп беру. Бүгінгі күні А. Байтұрсынов

атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің журналистика факультетінің 1 курс студентімін. Жаңа орта, жаңа қоғамға енді ғана үйренісіп жатырмын. Оқудың алғашқы күндерінен ерекше әсер алудамын. Бұл жерден көптеген достар таптым. Көпшілік ортада ашық, еркін сөйлеуді, өзімді ұстауды үйренудемін. Ахаң атындағы оқу орнынан кәсіби білікті маман болып шығарыма сенімдімін.

**Перизат ОҢАЙБЕК,**  
ГӨФ журналистика мамандығының  
1 курс студенті.




Жармақтың қолы азайды.  
Бермек болды ер Сейдек,  
Жалмауызға сазайды.  
Қанішер, жауыз Жармаққа,  
Қайғылы жағдай орнаған.  
Құтылмақ боп азаптан,  
Татарлар ұрыс салыпты.  
Он алты мың жыртқыштан,  
Бес жүз ұрыс қалыпты.  
Көшім хан ісі оңдалды,  
Халқы ылғи қолдаған.  
Аштық жайлап ақыры,  
Бес жүз ұрыс сорлаған.  
Бекінген жерін Жармақтың  
Көшім мен Сейдек барлаған.  
Аңдыған ерге тап болды,  
Бес жүз ұрыс сандалған.  
Жармаққа пана болмады,  
Ертістің Бағай саласы.  
Қоршауға алды ел жауын,  
Мұсылманның баласы.  
Таң алаң-елең атқанда,  
Шырт ұйқыда жатқанда,  
Бағай өзен бойында,  
Түсірді жауды қақпанға.  
Шашын жұлды Жармақ сұм,  
Татарлар дабыл қаққанда.  
Тұс-тұсынан аңдыздап,  
Мұсылман қолы шапқанда.  
Бұйрық беріп Көшім хан,  
Соғысқан күндіз жөн деді.  
Бірде-бірін құтқармай,  
Жан-жағынан төн деді.  
Тірі ұста деп Жармақты,  
Көшім хан айтты жарлығын.  
Көрсетем деп жауызға,  
Кең дүниенің тарлығын.  
Аңдындар деді залымды,  
Түсірмей суға барлығын.  
Орындалмақ болды жұрт,  
Ханның еткен жарлығын.  
Атқармақшы қалың қол,  
Көшімнің берген бұйырығын.  
Тірі ұстап әкеп Жармақты,  
Алмақ боп ханның сыйлығын.  
Өліктің қарап арасын,  
Жармақты ғаскер таппады.  
Сүзіндер деп сай-сайды,  
Хан сабырлық сақтады.  
Шоқпар тиіп, әлсіреп,  
Жармақтың басы даң болды.  
Соғысам деп татармен,  
Денесі жара, қан болды.  
Жылатқан жұртты жауыздың  
Іші өртеніп шоқ болды.  
Есалаңсыған Жармақ сұм,  
Тоғайға кіріп жоқ болды.  
Арасына еніп талдардың,  
Халі азайып құлады,  
Ісіне қылған өкініп,  
Сақалын жұлып жылады.  
Еске алмады сол сәтте,  
Сауыт-сайман, құралды.  
Ішіп-жеуге тамақ жоқ,  
Аш тышқандай бұралды.

Күшін жинап ақырғы,  
Шықпақ боп сыртқа бет алды.  
Тоғайдан шетке шығарда,  
Тұрып-жығылып қиналды.  
Ханнан Сейдек қалаған,  
Бағай өзен тоғайын.  
Қыстап сонда шықпақшы,  
Шаруаның ойлап оңайын.  
Көшіп келіп қонған құздікке,  
Бағай өзен бойына,  
Бас уәзір Ер Сейдек,  
Қолайлы жер деп қойма.  
Ілесе келіп Сейдекке,  
Қазақтар да үй тіккен.  
Бес ауыл ғана қазақ бар,  
Хан тобымен біріккен.  
Ол бесеуі шынында,  
Сейдектің ерткен ауылы.  
Білмек болсаең басқасың,  
Татардың таза қауымы.  
Ұстаған жерде Жармақты,  
Талатып итке өлтір деп,  
Өз қылғанын жауыздың,  
Алдына бүгін келтір деп.  
Сол арада Көшім хан,  
Өзгертіп бірден бұйрығын.  
Өлігін әкеп көрсетсең,  
Дайын деп алар сыйлығың.  
Жауыздығы Жармақтың,  
Халық аузында сөз болды.  
Алғашқыда татарлар,  
Көп шабылып зарлапты,  
Сол себепті Жармақты,  
Мұсылман жұрты қарғапты.

Керейдің бегі Сейдек те,  
Жармаққа бұғау арнаған.  
Ізіне түсіп, жауыздың,  
Соңынан сәрі, қалмаған.  
Көшімді Сейдек қостаған,  
Бұғалық жауға тастаған.  
Жармақты мықты десе де,  
Сейдектен күші аспаған.  
Адал еді Сейдек ер,  
Арам жолға бастаған.  
Күн-түн жорып ел үшін,  
Басына ерін жастаған.  
Соғыспаса жауымен,  
Ұрпаққа кейір атасы.  
Халық пен хан-билердің,  
Қабыл болып батасы.  
Орта жүз Керей Сейдек те,  
Ер еді асқан санаттан.  
Сүйреп әкеп Жармақты,  
Қабаған итке талатқан.  
Қандыбалақ қарақшы,  
Қолға түсіп қазаққа,  
Қазақ, татар, естектер,  
Салды оны әбден азапқа.  
Жұрттың алған мазасын,  
Тартты жауыз жазасын.  
Төңірім әркез қолдайды,  
Пенденің адал, тазасын.  
Қаза тапқан соғыста,  
Қазақтың небір данасы.

Оқиға болған осыдан,  
Жүз он бес жыл бұрын  
шамасы.

Хан мен батыр, бектердің,  
Ел-жұртқа болған опасы,  
Жоқ шығар деп ойлаймын,  
Бұл сөзімнің қатасы.  
Әрқашанда жарандар,  
Жақсы елдің аманы.  
Жармақпен соғыс болған кез,  
Шығай ханның заманы.  
Жәдіктің ұлы Шығай да  
Сол тұста қазақ ханы екен.  
Таққа отырды демесе,  
Әйтеуір жүрген жан екен.  
Татар, қазақ, естектің,  
Бәрі айтады осылай.  
Шежірені негізге ап,  
Жыр жырлады тосылмай.  
Хисса еттім қысқаша,  
Уақиғаның төтісін.  
Орыстан келген елшіден,  
Жармақтың білдік әкесін.



# Мемлекеттің басты құжаты

Конституция осы заманғы мемлекеттіліктің маңызды белгісі, мемлекеттің бастапқы саяси және құқықтық құжаты болып табылады. Қазіргі кезде Парсы шығанағындағы кейбір абсолютті монархияларда (Сауд Арабиясында, Оманда) ғана конституция жоқ. Мемлекеттің барлық басқа заңдары оның қағидаларына барынша сәйкестендіріле отырып қабылданады.

Қазақстанда 1991 жылдың 16-шы желтоқсанында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заңы қабылданды. Онда қазақ ұлты бірінші рет тарихи, саяси аренаға көтерілді. «Қазақ ұлты республиканың ортақ тарихи тағдыры біріктірген барлық ұлттарының азаматтарымен бірге Қазақстан Республикасындағы егемендіктің бірден-бір қолдаушысы және қайнар көзі болып табылатын біртұтас Қазақстан халқының құрады, мемлекеттік билікті тікелей, сонымен бірге өкілетті органдары арқылы жүзеге асырады» – деп жария еткен [Қазақстан Республикасы Конституциясы, 1995. – 6-бап]. Мұндай анықтаманың қазақ ұлтының тағдырында тарихи мәні бар. Заң 150 жылдан кейін бірінші рет бүкіл әлемнің алдында қазақ ұлтының егемендікке ие болуына негіз болды. Мемлекеттік нысаны туралы халықаралық қатынастарда ең маңызды мәселе қатарына айналған, бірақ аталған Ата заңымыздың баптарына сай мемлекетіміз қандай бағыттағы нысанды ұстанатынын айқындап алды.

Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы конституциясы 1993 жылы 28 қаңтарда XII шақырылған Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің IX сессиясында қабылданды. Ол кіріспеден, 4 бөлімнен, 21 тараудан және 131 баптан тұрады. Конституция Қазақстан мемлекеттік егемендігін алған сәттен бергі көптеген құқықтық нормаларды: халықтық егемендік, мемлекет тәуелсіздігі, билікті бөлісу принципі, қазақ тілін мемлекеттік деп тану, Президентті мемлекет басшысы деп тану, сот органдары – Жоғарғы Конституциялық және Жоғарғы Арбитраждық соттар және басқаларды қамтыды. 1993 жылғы конституция негізіне парламенттік республика моделі алынды.

1993 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша Президент мемлекет басшысы және атқарушы биліктің бірыңғай жүйесі мәртебесіне ие болды. Мұның ерекшелігі, Қазақстанда Президент мәртебесіне қарай атқарушы биліктің қызметін атқармайды. Бірақ шын мәнісінде президенттік билік атқарушы билікке жататын еді. 1993 жылғы Конституция бойынша Үкімет басшысы, сондай-ақ оның орынбасарларын, министрлер және ведомствалардың басшыларын Жоғарғы Кеңестің келісімімен Президент бекітетін. Конституцияның құрылымында Жоғарғы Кеңес туралы тарау Президент туралы тараудың алдында тұрды. Бұл жоғарғы өкілетті органның мемлекеттік сатыдан жоғары тұрғанын көрсетеді, мұның өзі мемлекеттік иерархияда жоғарғы өкілетті органның белгілі дәрежеде үстемдігін көрсетті. «Мемлекет және оның органдары мен институттары» атты ережеде Қазақстанның хал-қының атынан сөйлеу құқығы тек қана Жоғарғы Кеңес пен Президентке

тән деп көрсетілген. Экономикалық салада жерді жекеменшікке беруге тыйым салынған. Кеңестік және тәуелсіз Қазақстанның құқықтық жүйелерінің арасында сабақтастық болды. Ол заңды еді. Себебі тәуелсіздіктің бастапқы кезеңінде Қазақстанға кеңестік құқықтық жүйе мұра болып қалды. Алайда елдегі жағдай тез өзгеріп, қазіргі заманның құқықтық институттары мен нормаларына енгізуге жол ашылды. Қазақстан Республикасының 1993 жылғы Конституциясы мемлекеттің тәуелсіздігін заңды түрде рәсімдеді, халықаралық қауымдастыққа Қазақстанды тәуелсіз мемлекет ретінде танытты, біздің қоғамға жаңадан енген кейбір институттарды қоғамдық, саяси және құқықтық салаларда бекітті, сөйтіп сол кезеңдегі үш негізгі міндетті шешті. Бірақ іс жүзінде 1993 жылғы қабылданған Конституцияның Қазақстандағы шынайы әлеуметтік-экономикалық және саяси үдерістерден алшақтығы мемлекет тұрғындарының тіл мәселесі, меншік нысандары, жерге, азаматтыққа, мемлекеттік сипатына қатысты сәйкессіздіктерін туындатты. Негізгі заңда атқарушы және заң шығарушы биліктердің арасындағы келіспеушіліктерді шешетін тетіктер болмады. Әсіресе, мемлекеттік билік тармақтарының арасындағы қайшылық күшейе түсті. Үкіметтің биліктен кетуімен жалғасқан парламенттік дағдарыс, атқарушы биліктің дерменсіздігін күшейтіп, мемлекеттік биліктің тұрақтылығына, мемлекетті басқарудың мүдделеріне қауіп төндірді. Осы себептерге байланысты 1993 жылғы Конституцияны қайта қарау және жаңа Конституцияның қажеттілігі туралы пікір туындады.

Ал 1995 жылы 30 тамызда өткізілген бүкілхалықтық референдум нәтижесінде мемлекет тәуелсіздігі шарттарын қорғайтын Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы қабылданды және 5 қыркүйек күні заңды күшіне енді. Оның жобасын талқылау тұсында отандастардан 30 мыңға жуық ұсыныстар түсіп, арнаулы сарапшылық – консультациялық кеңес оларды зерделеген. Мәтінді пысықтау кезінде мыңнан астам түзету ескерілді, осының нәтижесінде Конституция жобасының 99 бабының 55-і елеулі өзгерістерге ұшыраған. Нәтижесінде, 1995 жылғы 30 тамызда референдумға қатысқан халықтың 81, 9 пайызы жаңа Негізгі Заңды қолдап дауыс берді. Дауыс беру еліміздің қалалары мен ауылдарындағы 10253 сайлау учаскелерінде жүрді.

Республика Конституциясы заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарының тұрақтылығын, тиімді жұмыс істеуін және өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін билікті бөлу принципін жай ғана жариялап қойған жоқ – онда тежемелік пен тепе-теңдіктің нақты жүйесі баянды етілді. Негізгі Заң адамның жоғары құндылықтары ретінде оның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын бекітті.

**Өтеген ИСЕНОВ,**  
*тарих ғылымдарының кандидаты,*  
*Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының доценті.*

## Қазақты көрдім



Суретте: Жанболат КЕНЖЕҒҰЛ

Қостанай аса үлкен қала болмаса да орталықтан КСК-ға баратын автобустардың жүру ұзақтығы жарты сағат. Қаланың шетінде тұратындықтан оқуға автобуспен қатынаймын. Қоғамдық көліктің бір жақсы жері өзгелерге мән бересің. Сан алуан адам. Автобусқа бірі мініп, бірі түсіп жатады. Әркім өз аялдамаларына жеткенше асығады. Сол көпшілікпен бірге автобусқа мініп, терезеден айналаны шолып отырғанымда жанымдағы бала шар ете қалды. Анасы бәйек болып, баласының көңілін таба алар емес. «Уси-пуси, милая моя» дегенді қосып қояды. Неге екенін білмеймін көңілім бірте-бірте осы балаға ауа берді.

«Шіркін, мен де қайтадан бала болсам ғой» деген қияли ой да сап ете қалды. Біраз уақыттан соң әлгі бала тынышталып, кіп-кішкентай көздерін маған қадап, жымымасы бар ма. Еріксіз езу тарттым. Мұндай періштеге басқа қалай жауап берерсің?

Ауылдағы ағамның баласын сағына бастадым. Мен оны құшақтап, бетінен сүйіп, еркеле туші едім. Екеуіміз спортшыларша күш сынасатынбыз. Мен қорғанамын, ал ол ұрады. Әр соққы сайын каскадерлерше құлаймын-ай келіп. Менің бұл қылығыма бала қай мез болады. Шіркін, ол қазір не істеп жүр екен?!

...Автобус аялдамаға тоқтағанда балалар арбасын сүйреткен келіншек мінгелі жатыр екен. Жүгіріп барып көмектесіп, өз орнымды ұсындым. Әлгі келіншекпен бірге бала көтерген жігіт де мінген еді. Бұл жолғы бала екі жастар шамасында болса керек. Өзі мазасыз екен. Әкесінің басын олай бір, былай бір бұрап, құлағын тартып, еркелік танытып келеді. «Әке бақыты – осы-ау» деп армандай бергенімде анамның әдеттегі «тәйт» дейтін ескертпесі сарт ете қалмасы бар ма. Өртүрлі жастағы үш бала, үш періште бәрімізге бірдей жарық нұр таратып келе жатқандай. Жұрттың бәрі әлгі сәбилерден көз алмай, қылықтарын қызықтап келеді. Мен де қуандым. Себебі, дүниеге бала әкелу бақыттың, тыныштықтың белгісі ғой. Көпшіліктің ішінде бейтаныс сәнқой әйел ғана ашулы күйде келеді.

Мен сөз етіп отырған сәбидің бәрі орыс ұлтының балалары еді. Сәбиді бөліп-жармаса керек. «Сәбидің бәрі бақытты болуы үшін жаралған» деп ұялмайтыным бар емес пе. Бұлардан да ертең ел патриоттары, нағыз Қазақстан азаматтары шықпай ма. Шынымен, Илья Ильин, Максим Раков, тіпті Головкин сияқты азаматтар шығады емес пе. Бастысы Отанға адал еңбек ететін ұл-қыздар болып шықса игі. Өз ойыммен өзім арпалысып, жүргізушіге қарай жақындап жол ақымды төлегелі жатқанымда қатты қуанып кеттім. Орамал тартқан отыздар шамасындағы қазақ әйелінің құшағында мұрны пышылдап, қара домалақ ұйықтап жатыр. Манадан бері қалай байқамағанмын!? Маған аңтарылып қарап қалған апам «Сәлеметсіз бе!» деп ізет көрсеттім де, жүргізушіге қалтамдағы соңғы жүз теңгемді тұтас беріп кете бардым.

Автобус жүргізушісінің «Эй парень, забыл сдачу» дегеніне қарайламадым да. Жүзімдегі қуаныштан айрылып қалғым келмеді.



# Білім жарысының жүйрігі

ҚМУ-дың журналистика мамандығының 3 курсына Жанболат Кенжеғұл есімді студент оқиды. Ол Жанкелдин ауданының тумасы. Кез келгенмен тіл табысып кететін елгезектігі тағы бар. Емен-жарқын сөйлесіп, ойындағысын да ашық айтады. Оқуы да ойдағыдай. Мақтана айтарлықтай жетістіктері жетерлік. Былтырғы оқу жылының қорытындысында Жанболат білім грантын ұтып алды. Осылайша ақылы бөлімнен ауысып, қазір грантта оқып жүр.

Жанболат оңашада ойланғанды, көрген-білгенін жазғанды ұнатады. Жас өркеннің түрлі тақырыптағы ой-толғамдарын журналда жариялап отырмыз.

## Амансыз ба, өкетай!

Кеше менен бірнеше жас үлкендігі бар бір ағамыз Facebook әлеуметтік желісіндегі парақшасына «Бүгін әкем қайтпас сапарға аттанып кетті. Қанша қимағанмен де Алланың жазғанына көнеміз де...» деп пост жариялаған екен. Марқұмның суреттерін қоса жариялапты. Мұндайды естіген соң көңілің қалай құлазымасын?! Әлгі марқұмның суреттерін кезек-кезек ашып, қарап отырмын. Суреттегі бейнеден мейірбан, сауатты, салиқалы қарияны көрдім. Немерелері мен отбасының ортасында отырып түскен суреттері де көп. Жасы келген кісі болса да қазасы ауыр соқпай қоймайды ғой. Танымайтын адамым болса да, іштей иманы салауат болсын деп тіледім.

Ал таңертең ұйқыман өте сергек тұрдым. Тура сегіз сағат көз шырымын алғанға ұқсаймын. Бірақ ойыма түндегі көрген түсім орала береді. Түс тұлкінің боғы деуші еді ғой... Иә, сол мекенде: менің де әкем қайтыс болыпты-мыс. Өкініштен күйініп жүр екенмін. Көп нәрсе көрдім, бәрі көз алдымда өтіп жатқан сияқты болды. Тек жеткізе алмайды екенмін. Қиын нәрсе. Осылайша түсімде әкемді о дүниеге жіберген болсам да мән бере қойған жоқпын. Жуынып алып, өз-өзіме келдім. Таңғы шайымды да үнсіз ішіп отырмын. Кешегі

кісінің жазбасы мен көрген түсім қатты әсер етсе керек қобалжу бар. Шыдай алмай ауылдағы үйдің номерін тере бастадым. Барып тұр, көтерер емес...

Телефон тұтқасын неге алмай жатқанына таңмын. Мұндай уақытта анам сиырын сауып болады да, тоқ машинаға сүт құйып кететін. Әкем болса сиырларды бөгеттен әрі асырып, өріске қарай айдап жіберетін. Ол кісі келгенше анам шай дайындап қояды. Әлде дастарқан басында отырып телефонның дауысын естімей жатыр ма екен... Жауапсыз қоңырау көңілдегі күдікті одан әрі ұлғайтты. Дегбірім қашып, қайта қоңырау соқтым. Іле телефонның арғы жағынан «Иә?» деген әкемнің жарқын дауысы естілді. Қалай қуанып кеткенімді білсеңіз ғой.

-Қалайсыз, әке?!

-Жақсы.

Не істеп жатырсыздар? Амандық-саулықтан соң отбасылық әңгімелерді сөз қылдық. Аласұрған көңілім орнына түсіп, қуанып қалдым. Осы бір азғантай сұхбатымызда өлім туралы жаман ой әп-сәтте жоқ болды. Аяулы әкемнің аман-есен жүргеніне тәубе еттім.

Ал, сіздер, әкелеріңіздің амандығын біліп тұрасыздар ма?



# Сенім артқан студенттер

**Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті биылғы жаңа оқу жылын игі жаңалықтармен бастады. Еліміздің оңтүстігінен 450 түлек келіп, Тобыл өңірінің студенті атанды. Иә, осының өзі бәрекелді дейтін ақжолтай хабар емес пе?!**

Ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің «Өнер-білім бар жұрттар Тастан сарай салғызды. Айшылық алыс жерлерден Көзіңді ашып-жұмғанша, Жылдам хабар алғызды», – деп басталатын жыр жолдарын есіңізге түсіріңізші. Дала қоңырауы айтып кеткен өсиет-өлеңнің құндылығы күн өткен сайын арта түсуде. Өнері өрге жүзіп, оқу-ғылымы дамыған елдер бүгінде өркениеттің көш басында жүр. АҚШ, Жапония, Қытай, Франция сынды әлемдегі алпауыт елдер ұрпағының білім алуына ерекше мән беруде. Олар білек күшіне емес, білім күшіне сенеді. Білім жарысында бәсекеге қабілетті елдің қатарынан көріну үшін біздің еліміз де аянып жатқан жоқ. Жас ұрпақтың жоғары білімді маман болып қалыптасу үшін «Серпін-2050» әлеуметтік жобасын қолға алды. Бұл бастама Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясында айқындалған басымдықтарды жүзеге асыру мақсатында жүзеге асуда. Жаңа жобаның мақсаты- оңтүстік жастарын адам саны аз,

жұмыс қолы жетіспейтін солтүстік, батыс, шығыс өңірінде оқытып, болашақта жұмыс орындарымен қамтамасыз ету. Аталмыш бағдарлама бойынша мемлекеттік білім гранттарына ие болған бір топ түлек біздің университетімізге де бар. Оңтүстіктен солтүстікке келген түлектерді Білім күніне арналған салтанатты іс-шарада университетіміздің ректоры Асқар Нәметов құттықтады.

- Биылғы жаңа оқу жылының өзіндік ерекшелігі бар. Облысымыздың аудан, қалаларынан және республикамыздың әр аймағынан келген жас өрендер университетіміздің студентті атанды. Студенттік шақ адам өмірінің ең қызықты, есте қаларлық кезеңі. Сондықтан әр күндеріңіз ізденіске толы болсын. Сапалы білім алу жолында жасаған еңбектеріңіз ақталсын. Бүгінгі жас мамандардың мемлекетіміздің дамуына үлес қосарына сенемін, деді ҚМУ-дың ректоры Асқар Нәметов.

Оңтүстіктен келген 450 түлек қазіргі уақытта инженерлік-техникалық, ауылшаруашылығы және оны өңдеу технологиясы, ветеринария мамандықтары бойынша білім алып жатыр. Осылайша А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті «Серпін» жобасы бойынша оқуға түскен талапкерлерді жатақханамен қамтамасыз етіп, оларды оқуды аяқтағаннан кейін жұмысқа орналастыруға үлес қоспақ.


Қымбат ДОСЖАНОВА



# ТӨРЛЕТ, ТҮЛЕК!

*«Серпін – 2050» әлеуметтік жобасы елімізде жұмыссыздықты азайтуға септігін тигізбек. Бұған дәлел ҚР Білім және ғылым министрлігінің студенттерге арнайы білім гранттарын бөліп отырғандығы. Аталмыш бағдарлама Елбасының ұзақ мерзімді Стратегиясын іске асыру мақсатында қолға алынған. Әр өңірден келген студенттердің бәрі де жатақханамен, жол ақысымен, медициналық қызмет көрсетумен қамтылады. Бағдарлама мақсаты – студенттерге білім берумен қатар, осы жерге тұрақтандыру, жұмысқа орналастыру болып табылады. Жалпы, «Серпін-2050» бағдарламасының мақсаты мен міндеті ең алдымен бәсекеге қабілетті мықты мамандар даярлау, ауылдағы жастарға қолжетімді, сапалы білім беру.*

*Ахаң атындағы Қостанай мемлекеттік университетіне бағдарлама бойынша биыл 400 - ден астам түлек келді. Оңтүстіктен келген жастармен танысып, сұхбаттасуға асықтық. Бір топ «серпіндіктердің» Қостанай қаласы, Ахаң атындағы университет туралы ой-пікірі былайша өрілді.*




**Шекен Серік, АТФ 1 курс студенті:**

- Мен, Шекен Серік Мұратұлы, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласының №43-ші орта мектебін бітірдім. Қазір А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің Ақпараттық технологиялар факультетінің студентімін. Мамандығым есептеуіш техникалар және бағдарламалық қамтамасыз ету. Осы университетке «Серпін – 2050» бағдарламасы бойынша грантқа түстім. Мен үшін бұл үлкен мүмкіндік. Менің білуімше, бұл бағдарлама Солтүстік тұрғындарын қазақыландыру мақсатында қолға алынған. Мемлекет үшін де, қоғам үшін де жақсы бастама деп ойлаймын. Жазда Қызылорда облысындағы студенттер сарайына барлық түлектерді жинап кездесу өткізген болатын. Кездесуде бағдарлама туралы ақпарат беріп, мақсатын түсіндірді. Қызығушылығым оянып, «Серпінді» таңдадым. Бұл шешімім үшін өкінбеймін. Алға қойған мақсатым, оқуымды жақсы аяқтап, өз мамандығымның үздігі болу. Сол себепті қолымнан келгенше аянбаспын.

**Садық Ерсаят, АТФ 1 курс студенті:**

- Шымкент қаласындағы №2 дарынды балаларға арналған мамандандырылған үш тілде оқытатын мектеп-интернатының түлегімін. Білім ошағында директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары осы бағдарлама аясында көптеген



мәліметтер берген болатын. «Серпін» бағдарламасын насихаттауға келген ұстаздар осы жоғары оқу орнын мақтады. Кейін өзім ғаламтордан ҚМУ туралы деректер іздестірдім, көптеген мәліметтер алдым. Сөйтіп, Ахаң атындағы қара шаңыраққа келемін деп шешім қабылдадым. Оның үстіне маған Қостанай облысы қатты ұнайды. Мақсатым – оқуды қызыл дипломға бітіріп, Қостанай облысын әрі қарай гүлдендіру, көркейту. «Серпін-2050» бағдарламасын ұятқа қалдырмай, аянбай тер төгіп, еліме адал қызмет еткім келеді.



**Анартай Марат, АТФ 1курс студенті:**

- Мен, Анартай Марат Берікұлы, Шымкент қаласындағы №44-ші орта мектепті аяқтадым. Қазіргі ақпараттық технологиялар факультетінде оқимын. «Серпін-2050» бағдарламасы туралы теледидардан естігенім едім. Бүгінде мен ҚМУ-дамын. Бұл мен үшін үлкен жетістік. Барынша білім алуға тырысамын. Қостанай мемлекеттік уни-

верситеті Қазақстан Республикасындағы жоғары оқу орындарының ондығына кіреді. Менің ішкі түйсігім осы жерге оқуға түсуіме итермеледі. Мақсатым, армандарымды жария еткім келмейді. Ең алдымен оқуымды жақсы бітіріп алайыңар жағын уақыт көрсете жатармыз.

**Шарап Жандос, АТФ 1 курс студенті:**

- Шымкенттегі дарынды балаларға арналған мектеп-интернатының түлегімін. Мектеп бітіргеннен кейін ойланбастан «Серпін-2050» бағдарламасымен ҚМУ-ға оқуға түстім. Қазіргі таңда жатаханаға жайғасып, қалаға үйреніп жатқан жайым бар. Бағдарлама туралы телеарнадағы жаңалықтардан естідім және қызығушылығым да арта түсті. Сол себепті бағдарламаның қыр-сырын білуге асықтым және жобаның мақсаты көңілден шықты. Жіті танысып алғаннан кейін, мен де іске кірістім. Сөйтіп Қостанай қаласының тұрғынына айналдым. Мен таңдаған қара шаңырақ еліміздегі ең мықты жоғары оқу орындардың ондығына кіретіні бірден көңіл аударды. ҚМУ таңдауыма осы көрсеткіш себеп болды. Сапалы білім мен білікті де білгір мамандар осы жерде. Алдағы уақытта оқуымды үздік деген бағаға бітіріп, Қостанай облысында жұмыс істеймін деген жоспар бар. Ең бастысы Қазақстанның көркеюіне өз үлесімді қосу. Бұл әр азаматтың міндеті деп білемін.



**Арайлым Құлтаева, Жұлдыз Тосова 2 курс, ГЭФ**

# Ел бірлігі нығайуда

Қостанайдағы Достық үйі күн құрғатпай өтетін қызықты шаралар мен игі істер мекеніне айналған. Достық үйі десе дегендей, мұнда облыс өңірін құтты қоныс еткен түрлі ұлыстардың этномәдени орталықтары орналасқан. Олар аспан түстес көк Тудың астында бір атаның балаларындай



**Астана**  
**Азербайджанская диаспора празднует Наурыз**  
Батыс Қазақстан облысында су тасқынының алдын алу шаралары жалғасуда  
22:35 "Қазақстан Жалық жинақ банкі" АҚ (НСБЖ) 39,30 -0,20

тату-тәті ғұмыр кешіп жатқан ұлт пен сан ұлыстың бірлігінің куәсі іспетті. Достық үйіндегі жұмыстар тек ұлттық киім киіп алып, мерекеде би билеу емес. Бұл күнделікті өмірдің шынайы көрінісі, айнасы десе болғандай. Қазір облыс өңірінде бір ұлттан, ұлыстан тұратын елді мекенді көрмейсің. Елдің тағдыры осындай, қала болсын, дала болсын қазағы, орысы, өзбегі мен татары, азербайжан мен тағы басқа ұлт өкілдері қатар өмір сүріп жатыр. Барлығы да қара қазан, сары баланың қамымен тірлік кешеді, елдің амандығын, тыныштығын, мемлекеттік қуаттылығын ойлайды.

Бұрнағы жылдары Қазақстан халқы облыстық ассамблеясы ұйымдастыратын шаралардың басы-қасында негізінен егде жастағы белсенді кісілер жүретін. Жас буынды жиналған жерде көп көре бере алмайтынбыз. Соңғы жылдары игі істерді жастардың қолға алғаны байқалады.

- Қазақстан халқы облыстық ассамблеясында «Жастар қанаты» 2007-2008 жылдары құрылды. Ең алдымен осы игі дәстүрді неміс ұлтының «Возрождение» қоғамдық бірлестігінде жастар «Максимум» клубының ұйымдастырып бастады. Оны Татьяна Шик басқарады. Неміс жастарының түрлі бағытта атқаратын жұмыстары жетерлік және өте қызықты. Вокалға, қуыршақ театрына қатысамын, журналистикада бақ сынаймын, әлеуметтік жұмыстарға араласамын дегендер осында келеді. Неміс ұлтының дәстүрлі, діни мерекесінің барлығын қазір жастар ұйымдастырады,--дейді «Қоғамдық келісім» орталығының баспасөз хатшысы Зүлфия Нәбиева. «Максимум» клубының жастары жақында дыбыс жазатын студия ашты. Бұл қуыршақ театрының жұмысын жандандырумен тікелей байланысты екен. Олар Рождество мен Пасханың тарихынан екі спектакль қойып та үлгеріпті. Қазір олар басқа да спектакльдердің сценарии мен музыкалық безендірілуі, режиссерлық жұмыстарын жасау үстінде.

Жастардың мұндай қызықты жұмыстары өзге этномәдени орталықтарда да жеткілікті. Жақында барлық этномәдени орталықтардағы жастар бірлесіп, Достық үйінде «Бірлік түні» шарасын өткізді. Достық үйінің түнде шамы жанып, есігі

ашық тұрды. Түнде қыдырған жастар, қала тұрғындары кіріп, барлық этномәдени орталықтар жайған дастарханнан дәм ауыз тиді. Мұнда түрлі тілде тілек айтылды, түрлі мақамда әндер шырқалды. Ұлттық тағамдары көрсетілді, олардың қалай дайындалғандығы да айтылды.

- Біздің азербайжан халқында тәтті тағамның барлығын да балға орап жасайды. Ұлттық тағамымыз – палау. Бұл тағамды үлкен жиындарда, тойларда тартады. Табақтың үстіне кесеге спирт құйып қойып, оны тұтатады. Бұл отыңды өшірме деген ойды білдіреді, - дейді Зүлфия Нәбиева.

Келген қонақтар терге қойылған микрофонға барып, өзінің алған әсерін, пікірін, тілегін айтып жатты.

- Түнде қыдырып жүріп кірген едік. Достық үйінен рухани байып шықтым десем артық айтпаған шығармын. Түрлі ұлттың тағамынан дәм татып, дәстүрлерін, ән-биі мен салттарын қызықтадық, - дейді қала тұрғыны Мақпал Сейдахметова.

Әр этномәдени орталықтың жастар қанаты ұйымдастырған шаралар бірін бірі қайталамайды, олар көпшілікке қызықтылығымен маңызды. Татар-башқұрттардың «Дұслық» бірлестігіндегі жастар «Ассамблея аруы» байқауын өткізуге бастама көтерді. Татар халқының дәстүрлі Сабантуй мерекесі Қостанай өңірінде халықтық сипатқа ие болып кеткен. Құрылғанына биыл 20 жыл толған «Дұслық» этномәдени орталығы татар-башқұрт диаспорасы жастарының Қазан қаласындағы мемлекеттік жоғары оқу орындарында білім алуына жағдай жасады. Осы жиырма жыл ішінде 15 жас Қазанда білім алу үшін сол елдің грантына қол жеткізді. Азербайжан жастарының «Бірлік» жастар қанатының құрылғанына 3 жыл болды. Осы уақыт ішінде олар бірнеше жобаларды жүзеге асырды. Жеңістің 70 жылдығына байланысты патриоттық тәрбие беретін жұмыстарды қызу атқарды. Азербайжанның тұңғыш президенті Гейдар Алиевтың бірге оқыған курстасы, отставкадағы полковник Павел Даценкомен өткізген кездесу қостанайлық барлық жастар үшін тағылымды болды. «Бірлік» жастар қанаты белсенділері ұйымдастыратын Кавказ халықтарының мәдени фестивалі жыл сайын аншлаппен өтеді.

«Қоғамдық келісім» орталығына бірігіп отырған корей, орыс, қырғыз, Прибалтика халықтары секілді ұлттар диаспоралары этномәдени орталығындағы жастар қанатының қызықты істерін тізе брейге болады. Олар ұйымдастырған әр шара қызықты бастамаларға мұрындық болып жатады. Ел бірлігін нығайтады.



Қабдолла қажы Ахметжанов – Қостанай облысы, Ұзынкөл ауданының Обаған ауылында 1935 жылы дүниеге келген. 1967 жылы Алматының Қазақстан мемлекеттік ауыл шаруашылық институтының агрономиялық факультетін үздік бітірген. Ауыл шаруашылық ұйымдарында, Совет, Партия органдарында жұмыс атқарған. 2007 жылы қажылық сапарына барып қайтқан.

«Ақ тілек», «Парыз», «Бәрі өткен үшін бәрі көктем үшін», «Талпыныс» кітаптарының авторы. Өлеңдері мен әңгімелері облыстық қалалық мезгілдік баспалар бетінде жарияланып тұрады.

### Емендерім, сиремесін қатарың

Қырау қабақ, күміс мұртты, қарттарым,  
Әр адамның ой төрінде аттарың.  
Кескілескен «Өмір» атты майданда,  
Адалдықты, Адамдықты сақтадың.

Әрбіреуің жауды жеңдің, жапырдың,  
Қамал бұздың, жауыңа оқ боп атылдың.  
Бодандықтың жұлып тастап бұғауың,  
Азат елдің арман таңын атырдың.

Жақсы, жайсаң, сырға толы кеудесі,  
Қазағымның періштедей пендесі.  
Сау жүріңдер, бар жүріңдер, Елімнің,  
Мақтанышы, әр тұлғасы, еңсесі.

Ару ана, асқар ала, қарттарым,  
Емендерім, сиремесін қатарың.  
Сендер береген бостандықты лаулатқан,  
Көр де, сүйсін азат елдің жастарын.

Қалдырса да жылдар сызып өрнегің,  
Жүздеріңнен жалын, ұшқын көргенім.  
Әрбірінді көкірегіме қапсырып,  
Құттықтаймын өздерінді, ерлерім!

### Майдангер әкемен сырласу

Әкем еске түседі сағынғанда,  
Көлбеті ой – санаға шағылғанда,  
Бар жоғы алты жасар бала өдім мен,  
Сұм соғыс мені әкеден айырғанда.

Сен едің бет түзерім, асқарым да,  
Көзден ғайып болар деп ойладым ба?  
Қан майданда ерлерше көз жұмғанда  
Сен де мендей баттың – ау, қайғы-мұңға!

Жеңіс күннің шапағы шашылғанда,  
Жеңімпаздар еліне ағылғанда,  
Арасында сен болмай мұңға баттым,  
Жас сорғалап жанардан, жанымнан да.

Ерте жеттік кеудені биік ұстап,  
Өр мінез, қыран жүрек әкеге ұқсап.  
Сор маңдай азабы көп балалықты,  
Өткіздік айыр, тырма, күрек ұстап.

Сүйіншім бар жүрек жарды, әке, саған,  
Егемен ел болдық біз, сен аңсаған.  
Жерімде бостандықтың таңы атты,  
Бодандық жер жастанды қан қақсаған.

Сен жоқсың, қаруластар – қарттарым бар  
Күміс мұрт, қырау қабақ, ақ бас шынар  
Өзіңді көрген жандар ортада жүр,  
Тілеймін, «сау жүрсін» деп қаһармандар.

Кетпеді босқа сенің қасық қаның,  
Ел үшін демін бітіп, шықты жаның.  
Өзіңдей әкелерді мақтан етіп,  
Тулайды асау жүрек, жастық жалын.  
Жауларын жастандырған алып мысы,  
Қазақтың әрбіреуің Алпамысы.  
Жасай бер, жадымызда хас батырлар,  
Халықтың әр тұлғасы, мақтанышы!

### Өлең

Өлең сөздің Тәңірі, ойдың шыңы,  
Мыңнан біреу ұқсатар талдап мұны.  
Жүрегіңді сыздатар, һәм мұздатар,  
Өлең қымбат, өлшеусіз оның құны.

Жалғыз ауыз жазсам деп қымбат өлең,  
Ой санамды қамшылап шыңдап келем.  
Асқақтатар арда сөз оралмай жүр,  
Поэзия, тұнығың неткен терең.

Алдамшы емес Қытайдың қу затындай,  
Арбаушы емес Бенгалдың түнгі отындай.  
Жазсам, шіркін, зерделі зергер сөзбен,  
Керней сіңіп келбет боп қалатындай.

Сырлы болса әр сөзі таңғы шықтай,  
Өткір, терең тұңғық қарашықтай.  
Ырғақ, ұғым үндесіп билеп алса,  
Сүйек сыздап, бой балқып естен шықпай.

Құйқылжыған көрікті ой көк дөнені,  
Тамсандырып тербейді күнде мені.  
Жеткізе алмай сөзбенен дәл қалпында,  
Көктем өтті, жаз болды, күз де келді.

Айта берсін өлеңі арзан, қымбат,  
Жүргенім жоқ сатқалы мақтап пұлдап.  
Әр ұғымның өлшемі жүрек, ниет,  
Ұқса болды бір пенде шын мақұлдап.

Өлең сөзге ғашықпын, солай өтем,  
Орны бөлек от жалын ала бөтен.  
Есік ашқан өмірге ақ құсымның,  
Сұңқар даусын саңқ еткен ала кетем.

# ТӨЛІМІ МОЛ ТӘЛІМГЕР



«Жас бала – жас шыбық, қалай өсірсен, солай бой түзейді» деседі. Өйткені, жас шыбықты дұрыс өсіру үшін оны дұрыс баптап, аялап күте білу керек. Ал әрбір үйдің еркесі болып өскен балдырғанды қалыптастыру үшін ұлағатты ұстаздың бойынан қаншама қасиеттер табылу қажеттігі даусыз.

Өңіріміздегі ардагер ұстаздардың қатарында бүгінгі кейіпкеріміз де бар. Себебі ол өмірінің ұзақ жылдарын балаларды оқытуға арнады. Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі, «Еңбек ардагері» медалінің иегері Бақтыгүл Жақсылыққызы Мәулетова жайлы тіпті кітап жазуға да болады.

Бақтыгүл апа 1945 жылдың 1 қыркүйегінде Жангелдин ауданы Сужарған елді мекенінде дүниеге келді. Әкесі Жақсылық Башухин мамандығы бойынша есепші. Анасы Тұрғанша үй шаруашылығымен айналысты. Осынау аяулы жандардың дүниеден өткеніне де біраз жылдардың жүзі болды.

Кейіпкерім бала кезінде Семиозер поселкесіндегі орыс мектебінде оқыды. Мектепті бітірісімен Қостанай кооперативтік техникумына оқуға түседі. Білімін одан әрі жалғастырып, шыңдау мақсатында Қостанай педагогикалық институтының ағылшын тілі факультетіне құжатын тапсырып студент атанды. Оны ойдағыдай тәмамдады.

Қыз бала үшін дер кезінде тұрмысқа шығу да өмірдің заңдылығы екені белгілі. Уақыт өте Алматыда заңгерлік жоғары білім алған, жігерлі жас жігіт Ғалихан Мәулетовпен көңілдері жарасып, өз алдарына шаңырақ көтерді.

Жас маман 1965 жылы қаладағы № 11 орыс мектебіне ағылшын тілі пәнінің мұғалімі болып жұмысқа орналасты. Содан кейін белгілі жағдайларға байланысты № 2 орыс мектебіне қызметке ауысады. Ұстаздықты - өмірлік серігі еткен Бақтыгүл апа балаларға қазақ, ағылшын тілдерінен сабақ берді.

Иә, өтіп жатқан өмір-ай десеңізші. Бақтыгүл Жақсылыққызының ұстаз болғанына да жарты ғасыр болып қалыпты. Құдайға шүкір, абыройсыз болған жоқ. Сіңірген еңбегіне орай лайықты марапаттарға ие болды. Мәселен, Қостанай облыстық мұғалімдердің білімін жетілдіру институты апамыздың озат тәжірибесін тарату

мақсатында өңірдегі күллі мұғалімдерге ұсынды. Білікті ұстаз осы кезден бастап облыстық курстарда көптеген лекциялар өткізді, ашық сабақтар жүргізді. Жоғары санаттағы мұғалім атанды. Сонымен қатар, республикалық, облыстық, қалалық газеттерде әдістемелік тақырыптарға мақалалары жарияланып тұрды.

Облысымыздың жоғары тілді мемлекеттік қызметкерлеріне қазақ тілінен дәріс берді. Сонау бір жылдары көмелеттік жасқа толмағандармен жұмыс істеп, оларды тәрбиелеуге көп үлес қосты.

Бақтыгүл апаны өмір еркелете қойған жоқ. Бұл туралы өзі де кездесе қалсаңыз жалықпай сыр шертеді. Бір әулеттің ұйытқысы. Үш ұл мен бір қыздың анасы. Қазіргі таңда алты немере, үш жиені өсіп келеді. Балаларының бәрі жоғары білімді мамандар. Бір өкініштісі, ерлі-зайыптылар кенеттен үш ұлынан айырылып, қайғы жұтты. Алайда тағдырдың жазуына не істерсің. Басқа салған сон бәріне де көнді.

Бақтыгүл апа тіршілікте үлкенді сыйлайтын қазақтың шын мәнінде аяулы қыз екенін көрсетті. Енесінің шешесі 96 жасқа келгенше өз қолдарында болды. Оны арулап соңғы сапарға шығарып салды. Бұл кісінің баласы сонау әйгілі Сталинград шайқасында қайтыс болып, сол жерде жерленген екен. Көп іздестіргеннен кейін оның бейігі де табылды. Енді осы жазда отбасымен сол кісінің қабіріне топырақ салуды жоспарлап отыр.

Жалпы Мәулетовтер әулетінде 33 жыл келін болды. Туған енесі Қалампыр әжеміз тыл ардагері еді, жүрегі мейірімділікке толы ол 82 жасында қайтыс болды.

Ардақты ұстаз Бақтыгүлдің гүлдей аялап өсірген қызы бұл күндері облыстық прокуратурада қызмет атқарады. Ал аяулы жары Ғалихан Мәулетов ұзақ жылдар Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті Қостанай облысы бойынша басқармасында жауапты қызмет атқарды. Содан кейін Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің заң факультетінде студенттерге дәріс берді. Ағамыз осы уақытқа дейін 7 кітап жазды. «Криминалистика» оқулық құралының авторы. Оның көптеген ғылыми және публицистикалық мақалалары жарық көрді.

Қаншама жыл ұстаздық еткен, өмірдің қуанышы мен қиындығын бастан кешкен кейіпкеріміздің қазіргі ғұмырына да қызыға қараушылар аз емес. Өйткені ол қандай құрметке де әбден лайықты.

Ұстаздың еңбегі шәкірттеріне берілген білімімен өлшенеді. Тәлімі мол тәлімгер ұстаз Бақтыгүл Жақсылыққызы ата-аналар мен өзінің сабақ берген шәкірттерінің алғыстарына бөленіп, олардың тарапынан тек жылы лебіздер естіп келеді. Түлектері ешқашан ұмытқан емес. Мереке күндері құттықтап жатады.

Шәкірттері бұл күндері Мәскеу, Челябин, тіпті сонау Израильде ғұмыр кешіп жатыр.

Айтолқын ҚАПАН,

ГӘФ, Журналистика мамандығының студенті

# Оқу мен отбасыны ұштастырған



Ербол шаңырақ көтерді. Бір қолымен бесікті тербетіп жүрген Ванганың жағдайына ҚМУ-дың ұстаздары да түсіністікпен қарап, көп жерде қолдау білдірген. Құрсағында қызын көтеріп жүрген кезде, сабағына баса назар аударып көмектескен «екінші ана» ұстаздарына алғысы шексіз Ванганың. Құрбы-құрдастарынан қалыспай білім алып жүрген кейіпкеріміз бүгінде көпке үлгі. Шағын ғана отбасының ұйытқысы болып отырған Ванга, кішкентайы Аружанды көрсе барлық қайғымұң мен шаршау-шалдығуды ұмытатынын айтады. Жолдасы Ербол да азаматтығына сай қолдау көрсетіп, сүйеніш болып жүр.

Біздің кейіпкеріміз биыл дипломын алып, мамандығы бойынша қолайлы жұмысқа орналасуды қалайды. Жолдасы Ерболға қол ұшын беріп, отбасының игілігі үшін еңбек етуде армандайды. Оқу мен отбасыны қатар алып жүрген замандасымыздың елі талай асудан асып, үлгілі отбасыға айналарына сенімдімін.

**Кенже ҚОНЫСБАЙ**

**Суретте: Жарасымды жұп Ербол мен Ванга**

Студент – «ынтамен оқушы, ізденуші». Латын тіліндегі баламасы осылай болмақ. Албырттық шағымен қоса, өміріне азық болар білімін алып жүрген жастар. Небір қызықты сәттер мен бестік үшін талай кітапхана есігін тоздырған жандар. Университет қабырғасындағы әрбір күн кез келген студенттің бақытты дәуірі. Бұдан өзге жатақханадағы сыр бөлек...

«Студент» ұғымына отбасылы студент деген тіркесті де қосуға болатындай. Өйткені, оқу-біліммен қатар отбасы қамын ойлап жүрген студенттер де бар.

Үйлі-баранды жастардың жағдайы мүлдем басқа. Оның өзіндік қызығы бар. Сондай студенттердің бірі - Қарымсақова Ванга. Ол Қостанай мемлекеттік университетінің ГЭФ-нің, филология мамандығының 4 курс студенті. Бүгінде аяулы ана, адал жар атанған Ванга құрдастарынан еш қалысқан емес. Сүйкімді сәбиін де бағып, оқуын да оқып бәріне үлгеріп жүр. Түзде ел қатарлы шәкірт, үйде инабатты келін.

Ванга сүйіктісі Ерболмен мектептен бері бірге. Екеуі Оралхан Бөкей атындағы көркемсөз оқу шеберлерінің байқауында танысып, артынша бірер уақыт хабарласып тұрған. Мектепті бітіріп, жоғарғы оқу орнына түскеннен кейін Ванга мен



алғашқы бастағандардың қатарындамын, оның қиындығын көрген, сүрлеуін салған адаммын. Балаларды, немерелерді тәрбиеледім, олар да еліне қызмет ете бастады. Мен ұстаздарымның берген білімінің, ауылымның берген тәрбиесінің арқасында осындай жетістікке жеткенімді түсіндім. Мектеп терезесінің, есігінің жақтауын сипалаумен болдым, - дейді Төлеген Ғалымжанұлы.

Тойға жиналған түлектердің қайсысы болса да осы ауылда балалық шағының қызық өткенін, сол үшін де өзін бақытты сезінетіндігін айтты. Расында, балалық шағын сағынған адам қашан да бақытты. Ауылдағы тұрғындардың тең жар-тысы қазақтар, қалғаны түрлі ұлт өкілдері, тіпті он үй қытайға дейін тұрыпты. Солардың барлығы да уақыт өзгерістерімен тарап кетсе де, туған ауылға, мектепке деген патриоттық сезімін, жүрек жылуын жоғалтпағаны сүйсінтті.

Тойдың салтанатында түлектер мектептің бүгінгі үздік оқушыларына сыйлықтар тапсырды. Төлеген ағамыздың тосын ұсынысы той қызығын үстемелей түсті. «Осы мектепте өзі «үш» деген бағаға оқитын, сотқар бала бар ма?» деп сұрады. Мұғалімдері тосын сауалға тосылып та қалғандай еді. Мектептің жақсысын асырып, жаманын жасырып жүретін ұстаздар, 6 сыныптың оқушысы Ерасыл Әшімовты көрсетті. Төкең «Ерасылға 50 мың теңге беріп тұрып: «Бұл ауыл мен мектептің сотқар балалары кейін бұзақы емес, бір жерді тесіп шығуы тиіс. Сотқар болу арды аттау емес екенін түсініп өссең болды. Мен ауылға белгілі сотқар едім, бизнесмен болдым. Ал сен мектепті жақсы бітір, жоғары білім алуыңды өз міндетіңе аламын» деді. Расында бұл ауылда және Целинный мектебінде қылмыс деген болмайды екен. Ауыл балаларының оқу мен спорттан қолы босамайтын. Сол бір бақытты сәттер сары мейіздей сағынышқа айналған.

- Әкем сөз-сөздің малын бақты, көп балалы отбасы болдық. Көктемде бізді әкем жайлауға алып кетеді, содан қазан-қарашада бір-ақ келеміз. Сондай бала нешемен оқуы керек? Ұстаздарымның шегелеп оқытуының арқасында сабаққа үлгеріп кетіп жүрдім. Ауылда спорт керемет еді. Біз тұрған бөлімшенің балалары спорттың

қай түрінен болсын совхоз бойынша бірінші орында едік. Бөлімшеден 2,5 шақырым жердегі мектепке түске дейін сабаққа барамыз, түстен кейін спорт деп жүгіреміз. Сонда күніне он шақырым жаяу жүреді екенбіз ғой. Ол кезде ауылдың тазалығын қараңыз, қазіргідей балалар қылмысы, есірткі, басқа қылмыс дегенді естімейтін едік. Мен сотқар бала атандым. Қазір ойласам, үзіп-жұлқып бара жатқан ештеңем жоқ екен, ұлдар ойынға таласып төбелесеміз ғой. Бірақ 6-шы сыныптан бастап, ауыл балаларының шашын алдым, шалбарларын тігіп бердім. Жайлауда геологтардан түсіп қалған фотоаппарат тауып алғаннан кейін, онымен ауылдастарды суретке түсіретін болдым. Осылармен ақша таба бастадым. Шалбар тігіп бергенім үшін бір сом алатынмын, --деп балалық шақтың қызығын еске алады бүгінде өз мектебінің мақтанаштарының біріне айналған Төлеген Жайлаубаев. Мектептен ғалым да, дәрігер де, елші де, еңбек торысы да түлеп ұшты. Ол өз алдына ұзақ әңгіме.

Мектеп тойы кешке қарай баяғы пионерлер жағатын «костер» алаумен, би кешімен жалғасты. Германиядан, Санкт-Петербургтен, Мәскеуден, өзіміздің өзге де облыстардан келген түлектер таң атқанша алау оттың айналдасында отырып, гитарамен 60-70-ші жылдардың жастары табына тыңдаған, шырқаған британдық атақты рок-топ «Битлздың», өзіміздің Шәмшінің, Әсеттің, Ескендірдің әндерін шырқады. Би кешінде балалық шақта билеген твист биін биледі. Таң атқанша ешкім көз ілмеді, ешкім шаршадым деп айтпады. Кездесуге келгендер той соңында мектеп түлектерінің кездесуін әр бес жыл сайын өткізіп тұруды ұйғарды. Жақсы істің дәстүрге айналатыны да өмірдің заңы іспетті.



## «Ауылым – қасиетті мекен, мектебім киелі екен»

### білім ошағының елу жылдық тойына жиналған бес жүз түлекті осындай ой толқытты

Әуликөл ауданындағы Қабидолла Тұрғынбаев ауылында жастықтың, балалық шақтың, ауылға, алтын ұяға деген сағыныштың, ұстаз бен шәкірт сағынышының, ауылға деген патриоттық сезімнің тойы дүркіреп өтті. Мектепті алғаш бітірген түлектердің қазір басын ақ қырау шалған, жасы жетпісті алқымдады. Кеңес Одағы уақытында Мәскеуге тікелей бағынатын «Целинный» астық өсіретін ғылыми-тәжірибе шаруашылығының 5-6 бөлімшесі, олардың әрқайсысында кемінде 60-70 түтін болушы еді. Целинный аралас орта мектебінде кемінде мың бала оқитын. Әр сынып «А», «Б», «В» болып, үш сыныптан тұратын. Оның әрқайсысында кемінде 30 бала отыратын. Нарықтың қиындығы ауылдың бөлін қайыстырған 90-шы жылдарға дейін осы ауылда 500 үй болыпты, ондағы тұрғындардың саны 3200-ден асып жығылыпты. Уақыт та, заман да өзгерді, қазір дүрілдеген шаруашылық жоқ, ал ауылда барлығы 62 үй ғана қалған. Онда 276 адам тұрады.

- Ауылымыздың да, мектебіміздің де тарихы тағылымды. Бірақ қазір шағын ауыл, 42 оқушы ғана білім алып жатқан негізгі мектептің 50 жылдығын құр қалдырмай атап өтейік деген ниетпен, мектептің әр жылдардағы түлектеріне қолдан келгенше хабар айтқанбыз. Біздің шақыртуымыз жеткен түлектердің барлығы Германиядан, Ресейдің қалаларынан, Татарстаннан, Қазақстанның көптеген облыстарынан келді. Олар бірі-біріне хабар айтқан. Барлығы 500-ден аса түлектер жиналды. Соның ішінде 50 түлек облыстан тыс жерлерінен, алыс-жақын шет елдерден келді. Кішкентай ауылымыз бен мектебіміз риясыз көңілдерден ертегідегі сиқырлы сарайға айналып кеткендей болды, -- деп ағынан жарылады мектеп директоры Айнагүл Алпысбаева.

Түлектер өздерінің балалық шағы өткен ауылды аралап шықты. Әрине, қазір кезінде «Целинный» бидайдың жоғары сорттарын өсіретін тәжірибе шаруашылығының іргетасын қалаған, КСРО Жоғарғы кеңесіне депутат болған Қабидолла Тұрғынбаев Кремль қабырғасына еліктеп, қызыл кірпіштен салдырған қабырға тозған, осыдан 50-60 жыл бұрын салынған үйлердің орны ғана қалған. Бірақ көзге соншама жылы ұшырайды. Ауылға келген қонақтардың сағыныштан көзі жасаурайды. Татарстанның Набережные Челны федералдық қалалық сотының судьясы Розалия Гайфутдинованың өзі тұрған үйден қалған



іргетасты сүйіп жылағаны барлығын да толқытты. - Осы ауылда туып-өстім, мектепте білім алдым. Қайда жүрсем де осы ауыл, осы мектеп, осы үй ойымнан бір сәт шыққан емес. Балалық шағым өте бақытты өтті, тек сағынумен күн кешемін, -- деді Розалия Захаровна.

Тойдың салтанаты сап түзеп тұрып өтетін мектеп жиналысынан басталды. Бұрынғыдай барабан соғылып, керней тартылып, бір кластың ұлдары ақ көйлек, қара шалбар, қыздары ақ фартук, қара көйлек киіп, шашына ақ бантик тағып шықты. Бүгінде жасы алпысты алқымдаған кісілердің балалық шаққа осылай «оралуы» жиналған жұртты өрі толқытты, өрі шынайы күлкі, көтеріңкі көңіл күй де сыйлады. Бір қызығы, жарты ғасырда мектепті үш директор ғана басқарыпты. Алғашқы директор Мөкеш Шінкентаев, орта мектепті 1965-2002 жылдары басқарған Сүгірәлі Нәбиев аталар, мектептің байырғы мұғалімдері, ардагер ұстаздар Зылиха Нәбиева, Валентина Чухненко әжелер түлектер ортасынан табылды. Өмірден өткен ауылдастарына, ұстаздарына құран бағышталды. Кішкентай ауылда осындай той өткізуге шамамыз қалай келер екен деген ауыл тұрғындарының уайымы бірден сөйілді десе де болады. Жан-жақтан келген түлектер тойдың қаржысын да, қамын да өздері көтеріп кетті. Ұстаздарға, білім ошағына сый-сияпаттарын да жасады. Мектептің 70-ші жылдарғы түлектерінің бірі, бүгінде облысқа, одан қалды республикаға белгілі кәсіпкер Төлеген Жайлаубаев мектепке бір миллион теңге тарту етті. Ұстаздарына сый-сияпатын да ұмытпады, дастархан жайды.

- Осы мектепте біздің отбасымыздан төрт бала оқыды. Менің мектепті бітіріп кеткеніме 40 жылдан асқан екен. Мен Тәуелсіз елімізде кәсіпкерлікті

## Қазақтың бас батыры Қобыланды

Ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин ел аралап жүріп, Марабай ақынның аузынан «Қобыланды» қиссасын жазып алып, оның «Тайбурылдың шабысы» деген тарауын 1879 жылы өзі құрастырған «Қырғыз хрестоматиясында» жариялаған. Аталған эпостың толық мәтінін Махмұтсұлтан Тұяқбаев деген кісі Қарабалық болысында тұрған жыршы Біржан Толымбаевтан жазып алып, 1914 жылы «Қарақыпшақ Қобыланды батыр» деген атпен Қазан қаласында кітап қылып бастырған. Жырдың толық нұсқасының Қостанай өңірінен табылуы тегін емес.

Мұрат Мұқановтың «Этнический состав и расселение казахов Среднего жуза» деп аталатын кітабында («Ғылым» баспасы, 1974 жыл) қыпшақ руларының орналасуы, олардың Қостанай аймағына қоңыстануы көрсетілген.

Қара қыпшақ Қобыланды батырдың тікелей ұрпақтары Жаңбыршы мен Жиенбай батырлар қазіргі Қостанай қаласынан он бес шақырымдай жерде Талапкер ауылының жанында жұртты жиғызып, қолдан үйгізіп, қарауыл төбе тұрғызған. Бұл төбе «Кенесары көкіяғы» деген атпен тарихта қалды. Халық ақыны Омар Шипин «Аманкелді батыр» атты дастанында:

«Жасынан батыр болды Аманкелді,

Ерлігін Аманкелді көзім көрді.

Әйгілі Қобыландының әруағымен,

Еске алам кешегі өткен кемеңгерді,» –

деген болса, Қобыланды батырдың ерлігін ұрпақтары жалғап отыр дегенді меңзеген еді.

Сағадат Нұрмағамбетов атындағы халықаралық қор халық қаһарманы С.Нұрмағамбетовтың көзі тірісінде құрылған болатын.

Сағадат Нұрмағамбетов атындағы халықаралық қордың қазіргі төрағасы Махмұт Нәлібаев, осы қордың тең төрағалары, белгілі қоғам қайраткері, шымкенттік ғалым, кәсіпкер Серікжан Сейітжанұлы, Астана филиалының директоры, жиһангер Сапар Ысқақов есімдері елге танылған қайраткерлердің атын шығару мақсатында қыруар жұмыс тындырды.

Қостанай қаласында Қобыланды батыр ескерткішін орнату идеясын ең алғаш ұсынған осы қордың Қостанай филиалының басшысы, Серікбай Бисетаев ағамыз. Игі мақсатқа ел азаматтарынан 28 миллион теңгеден астам қаржы жиналды.

Қобыланды батыр ескерткішінің авторлары шымкенттік мүсіншілер Әбдікерім және Әбдімұналып Ахметовтер. Ескерткіш тұғырын «БК-строй» фирмасы орнатты. Оның басшылары Игорь және Олег Кимдерге мың алғыс!

Бұл ескерткіш қаһармандық символына айналған қазақтың қас батыры, халқымыздың бас батыры



Қобыландыға қойылып отыр. Тарихта бірнеше Қобыланды болған. «Бұл қай Қобыланды?» деген сауалға қайтаратын жауабымыз – бұл «Қобыланды» эпосының бас кейіпкері болған батыр, қыз Құртқаның сүйген жары, қырық үш күндік кемдігі бар Тайбурылды ерттеп мінген Қобыланды. Қазақ тарихында есімі алтын әріппен жазылған атақты Қобыланды батыр.

Бұдан былай туысқа ес, дұшпанға сес болып тұратын батырдың еңселі ескерткіші асқақтап, даламыздың да, қаламыздың да мерейін асыра берсін!

Суретте: Қостанай қаласында орнатылған Қобыланды батыр ескерткіші

## Тегін білген елін сүйеді



Біздің дәуірімізге дейінгі V-Ш ғасырлардағы сақтар, ғұндар, Қаңлы, Үйсін мемлекеттері, Түрік, Батыс түрік қағанаттары, Оғыз, Қараханид, Дешті Қыпшақ, Хорезмшах мемлекеттеріне барып тірелетін түп-тұқиянымызды айтпағанда, басынан түрлі ғаламат, кесапат замандар өткен халқымыз осыдан 550 жыл бұрын шамасында хандығын құрды. Бүгінгі өлем таныған Тәуелсіз Қазақстан Республикасының түп негізі осында жатса керек. Мемлекеттің сыртында елдік, ұлттық ұғым бар. Елдігіміздің тарихы өз руының, жеті атасының шежіресін білуден басталады. «Жеті атасын білмеген-жетесіз», «Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер, жеті атасын білмеген құлағы мен жағын жер» деген мәтелдер елдіктің туын жоғару ұстау үшін айтылған болар. Өзінің тегін білмесе, тектілік қайдан болсын? Өз атасының, руының шежіресін білудің генеологиялық сипатымызды, ұрпақ тазалығын тегімізді сақтауда да маңызы зор. Қазақтың бай салт-дәстүрінің де, ұлтжандылықтың, отаншылдықтың рухани бұлағы осы тегін білуде жатыр.

- Рудан тұратын халқымызда туыстық сезім күшті дамыған. Қазақтың жігіті өз руының қызын қарындас деп біледі, оның қамын сырттан ойлап жүреді. Қазақтың қызы өз руының жігітін аға деп сыйлайды, арқа сүйейді. Ал екі рудың қызы мен жігіті бас қосып, шаңырақ көтерсе, екі рудың кісілері төс қағыстырып, құда болады, «құдасын құдайындай сыйлайды». Ұрпақ барда – құда-жекжат бар. Құдалар барда қазақтың руға бөлінуі халқымыздың бірлігіне жік салатындай қауіп емес. Қыз беріп, қыз алысқан рулар айналып келіп, қайта туыс болады. Міне, бұл осы далада тарихын тасқа жазып кеткен аталарымыздың ұрпағы жалғап келген даналық десек болмай ма? – дейді Арғын руының Тобыл-Торғай өңірін жайлаған Тағышы тайпасының шежіресін жазып шыққан байырғы ұстаз, ардагер Сұңқар Оспанұлы.

Жақында Науырзм ауданының Мереке ауылында Шежіренің тұсаукесері болып, онда жалпы Қостанай-Торғай даласының тарихы айтылды. Осы өңірді Бегіс, Шөміш, Тышқан батырлар тұлпарларының тұяғы дүбірлетті, Мұртаза Хазірет елді имандылыққа үйірді. Қиын уақыттарда елін серкедей бастаған қайраткерлер

мен білімді ғалымдардың да ізі қалды. Елдің есінде келе жатқан ақын мен әнші, күйші де жетерлік. Жиында өркениеттің жаһандық құбылыстары ұлттық құндылықтардың, ұлттық бояудың әлсіреуіне ықпал етіп отырғанда, ұрпақ тәрбиесінің қазығын мықтау керектігі айтылды. Онда аға буын өкілдері өз ата тегін білу жас ұрпақтың тәрбиесін босаңсыпайтын тетіктің бірі екенін де ескертті.

Тәрбиелік, тағылымдық жиыннан кейін ас беріліп, соңы ақындар айтысы мен бәйгеге, балуандар күресіне ұласты.

- Тарихымызда ат бәйгесінсіз, балуандар күресінсіз қазақтың асы өтпеген. Ақындар да осындай жиындарда сөзбен шарпысқан, –дейді Сұңқар Оспанұлы. Қазақ хандығының 550 жылдығына орайластырып өткізілген бұл аста да жиылғандар алдымен балуан күресін тамашалады. Ерлан Омаров түйе балуан атанды. Арқалық қаласынан келген Азамат Ерділов бірінші, Әулікөл ауданынан келген Тоқтар Жиентаев екінші, арқалықтық Асылбек Әбдіров үшінші орынды алды. Орта салмақта Берік Мұхамедияровтың жауырыны жерге тимеді. Одан кейінгі екінші, үшінші орындар Амангелді ауданының балуандары Бекболат Мұқанов пен Қорғанбек Молдашевқа бұйырды.

Ат бәйгесіне сәйгүліктерді атбегілер Қостанаймен қатар Қызылорда, Петропавл, Көкшетаудан әкеп қосты. 12 шақырымдық бәйгеге 16 ат шапты. Мәреге қостанайлық Қазбек Төлебаевтың Малайсары деген сәйгүлігі бірінші болып жетіп, бәйгеге тіккен мотоциклін алды. Ал 25 шақырымдық аламан бәйгеге 17 тұлпар қосылды. Онда Солтүстік Қазақстан облысынан келген Біржан Шәймерденовтың Қарасай атты тұлпары алдына қара салмай бірінші жетті. Бәйгеге тігілген Lada Granta жеңіл автокөлігін қанжығаға байлады.

Астың қызығы ақындар айтысынсыз болмаған. Көпшілікке белгілі айтыскер Салтанат Әтелбаева мен жас ақын Тоба Өтепбаев айтысып, жыр аңсаған қауымның көңілінен шықты. Шалғайдағы ауылдағы тағылымды жиын осылай өтті.



баев болатын. Ақын атамыз Сатыбалды ишанға да жоқтау жазған. Жалпы Нұржанның өзі діндер адам, оған Сатыбалды ишанның әсері мол болған.

Нұржанның өлеңдері туралы кезінде Ахмет Байтұрсыновтан бастап Міржақып Дулатов, Бейімбет Майлин, Сәбит Мұқанов, Әуелбек Қоңыратбаев сияқты тағы басқа да ақын-жазушы, әдебиет сыншылары жылы пікір білдіреді. Нұржанның атын атамаса да, өлеңдерін елі оны жүрегінде ұстаған екен.

Ел ішінде ақынның жарияланбаған өлеңдері де болуы мүмкін. Алдымен айтарым, бүгінге дейін Нұржанның термелерін айтатын аға буын өкілдері ел ішінде кездеседі. Башқұрт жазушысы Сәйфи Құдаштың «Жастық шақтың ізімен» деген естелік кітабын парақтап шықтым. Сонда Нұржан өмір сүрген XX ғасыр басындағы қазақ интеллигенциясы, өркендеп келе жатқан қазақ әдебиеті туралы Сәйфи Құдаш тамаша әңгімелейді. Осы кітапта автор ақынның қашан жазғаны белгісіз, бірақ 1920 жылы көшіріп алынды деген бір өлеңінен үзінді келтіреді:

«Замана азған шағында,  
Халқына ханы қарамас,  
Қатын болар баққаны,  
Ел пайдасын би айтпас.  
Тамағы болар тапқаны  
Әділдік білмес хакімі,  
Актілеп жазып жатқаны,  
Аманаттың аты жоқ.  
Біреуді біреу сатқаны.  
Алыс емес, нұрында  
Құрулы жүр қақпаны.  
Көзің тайса бір елі  
Жыландай шаншып шаққаны,  
Көңілі қатты тастан да,  
Сырты жұмсақ мақталы,  
Жібітпейді көңілін.  
Жетімнің жасы аққаны  
Еңіреп жерде жатқаны!..»

Осы өлеңін Нұржанның кітаптарынан көзім шалмады. Ал қарияларымыздың жадында жүрген Нұржанның маржан өлеңдері болса әлі де болар, кім білсін. Сыздық Әбілғазин ақсақал, ақын Ақылбек Шаяхмет Нұржанға көп еңбек сіңірді. Нұржанның назымдарының бәрі де нақыл сөзден, терең ойдан тұрады. Ақын бағасын кезінде өз замандастарынан, тұрғыластарынан алған. Біз айтып отырған Сәйфи Құдаш Нұржанмен сол кездегі Қостанай қаласындағы «Тәрәкки» деген кітап дүкенінде кездейсоқ кездесіп танысады. «Ол кең кеуделі, өткір көзді қазақ екен» деп суреттейді Нұржанды. Талаптың



тұлпарын мінген жас Сәйфи Нұржанмен таныспас бұрын оның «Манзумат қазақия», «Жұмбақ» және «Алаш» деген кітаптарын білгендігін айтады. «Ол менен: Қазақ ақындарынан кімдердің кітаптарын оқыдың?» - деп сұрап қалды. Мен әуелі Абайды, сонан кейін Нұржанның өзін атадым. Олардан басқа да қазақ жазушыларының есімдерін біртіндеп атай бастадым. Нұржан маған сүйсіне қарап отырды да:

-Әлде өзің де өлең жазасың ба? – деп сұрады. Мен өлең жазатындарды өте-мөте жақсы көретінімді айттым да, жауабымды Ақмолланың: «Мен бір арық тазымын желіп жүрген, Қоян, қарсақ, түлкі ізін сезіп жүрген. Ақсақ, арық кез келсе іліп жүрген», - деген өлеңімен аяқтадым.

Ақынның жүзі кенет нұрланып, көзі жайнап кетті. Ол маған өз әкемдей жылы ұшырап. - Бәрекелді, талапты жігіт екенсің, сапарың сәтті болсын, - деп арқаға қақты» - деп еске алады. Айтпақшы осы естелігінде Сәйфи Құдаш алғашқы өлеңдерін Нұржан Наушабаевқа еліктеп жазғанын айтады.

- «Қын түбінде біз жатпас» деген ғой. Нұржанның назымдарын ақын атындағы мектеп бүлдіршіндері жаттап айта бастады. Нұржанның шығармалары оның ортамызға толық қайтып оралуына лайық. Ал менің мамандығым әдебиеттің алыс болса да Нұржанға қызығушылығым, ол біріншіден – туысым. Сосын Нұржанның шығармашылығы ден қойған кімді де болса иіріміне тартады. Ақынның өмір сүрген заманы да қазақ тарихы үшін қызық дәуір. Сол кездегі қазақ зиялылары тындырған іс, ұлт мүддесі үшін жасаған жақсылықтары ғажап. Бүгінгі ұрпақ Нұржанның атын тек естіді, оны өлі танып білуі керек.

**Жанкелді Отарбаев,**  
техника ғылымдарының докторы,  
профессор



## Қын түбінде біз жатпаса

Бұл менің көптен көкейімде жүрген іс болатын. «Арқада Наушабайдың Нұржаны өткен» деп Нұрхан ақын айтқандай, Нұржан атамның біртуар тұлға болған. Өлеңдері ел аузында жатталған, термелерің әндерін әншілер жарыса айтқан. Оны көп ақындар өзіне үлгі тұтқан. Балуандығы, азаматтығы өз алдына.

Міне, солақай саясат кезінде осындай ақынның атын атауға болмайтын еді. Оның талай ауылдасы, туған-туысы Нұржан үшін жазықсыз жапа шекті. Олардың ұрпақтары бүгін өсіп-өнуде. Ұлы Отан соғысының ардагері, бүгінде сексенге келіп отырған менің туысым Сақан Түгелбаев ақсақалдың айтуынша, Нұржан үшін бір ауылдан жеті адам сотталып кете барған. Тағы бір жағдайды үлкен кісілер айтып отырады. Махамбеттің Хамзасы деген атамсыз 1949 жылы бір шілдеханаға барады. Жиналғандар «Көне, Нұржанның бір термесін айтып жібер» дейді ғой. Атамыз құбылып айтып береді. Содан үш күннен кейін Хамза атамсызды ұстап әкеткен екен. Ол бір терменің кесірінен көп қиындық көріпті.

Тәуелсіздігімізге дейін Нұржанның туысқандары ақын туралы айта алмады. Тіпті бейітінің тұсынан өткендер тоқтауға қорқып, атамсызға бағыштаған құранын жүріп бара жатып оқыған күндер болыпты. Тек саясаттың салдарынан оның аты кейінгі балалар үшін көмескі тартты. Соңғы жылдары қостанайлықтар Нұржанды зерттеді, шығармалары жарыққа шықты.

Нұржанның айналасына шарапаты көп тиген адам дейді. Үлкен жүректі ақын сол кездің өзінде қатарластарын руға бөліп алаламаған. Бірақ Нұржан жалпы қазақтың Нұржаны болғанымен, туыстары ерекше мақтанышты сезінсін, соған лайық жауапкершілігі болсын деп ойлады.

Нұржанның жанында менің атам Битән қажы және әжем Жібек жатыр. Мен де перзенттік парызымды орындап, осы жазда олардың басына төрт құлақ там салып, мәрмәр тасқа олардың Нұржан Наушабаевқа қатысын жазып қойдым. Халқымыз тарихын тасқа жазып қалдырған ғой. Жетіп жатса кейінгі ұрпақ оқи жатар.

Битән қажы Нұржаннан 22 жас үлкен, оның аталас туыс ағасы болып келеді. XX ғасырдың басында біздің аймақтан Хенгітай, Досмұғамбет, Хасең, Күйеубай, Есмұхамбет, Битын, Шегет деген кісілер қажылыққа барады. Шегеттің сүйегі Меккеде қалған екен. Сол Битән атамның көмпірі Жібек әжеміз Нұржанның кіндігін кесіпті. Сосын өмір бойы іргелері ажырамай қатар қонған. Нұржан көңі, Телеу шоғы, Оспан шоғы деген жерлерді әкем біздің жұртымыз деп көрсететін еді бала кезімізде. Ыбырай Алтынсарин жазған Қыпшақ Сейітқұл – Нұржанның аталары. Менің әкем Отарбай да Нұржанның айналасында жүрген. Ол қайтыс болғанда басында отырып, арулап жерлеген.

Битән атамның басына қойған тасқа Жібек әжемнің Нұржанның кіндігін кескенін, әкем Отарбайдың ақынды арулап жерлегенін қысқаша жаздырдым.

Менің әкем Нұржан туралы естелік айтқан кездері болды. Ылғи айтып отыратын. Бірақ жас кезіміз ғой, бәрін көкейге тоқып ала алдым деп айта алмаймын. Бір әңгімесі есімде. Нұржан балуан болған кісі ғой. Жасының елуден асқан кезі екен. Бұлар Атбасар жәрмеңкесіне бара жатып, жолда қос тігіп дем алады. Жолаушы кетіп бара жатқан бір жігіт бұлардың қосын көріп бұрылады. Жігіттен Нұржан жөн сұрайды. Жолаушы Нұржанның атын естігенімен, түсін танымайды екен. Жол болсын? – дейді Нұржан. Нұржан деген балуанмен күресейін деп барамын.



- Сен алдымен менімен күрес, - дейді Нұржан. Екеуі сол жерде белдеседі, Нұржан жігітті жеңеді. Сонда жігіт:

- Аға, сізден жеңілдім, Нұржанды жеңу үшін тағы дайындық керек шығар. Мен жәрмеңкеге бармаймын, - деп кері қайтқан екен. Ол кеткесін Нұржан құлын сойдырып, қазысын көкала қойдай болып көгерген денесіне тарттырады. Нұржанға жігітті жеңу де оңайға түспесе керек. Жанындағы жолдастарына енді күреспейтінін айтады.

Келесі жылы Нұржан Атбасар жәрмеңкесіне тағы барады. Сөйтсе өткен жылғы жігіт «Нұржан қайда?» деп іздеп жүр дейді. Нұржан тығылып қалады.

Нұржанның Ыбырай Алтынсариннің тілектес інісі бола білгенін де жалпы жұрт біле бермеуі мүмкін. Ыбырай Торғайдан қайтқасын Нұржан көбіне ол кісінің жанында болған. Ыбырайда Нұржаннан басқа іні, туыс болмай қалмаған шығар. Ал оларды жақындастырған білімділік, ақындық, халқының қамын ойлаған азаматтық, қайраткерлік екені даусыз. Ыбыкең Қостанайдағы мектебін салғанда. Нұржан қаржы жинауға көмектескен Арақарағайдан ағаш тасуды ұйымдастыруда Нұржанның еңбегі көп. Құрылысты татар көпестері Якушевтар жүргізген дейді. Алтынсарин қайтыс болғанда оның жақындарына жоқтау жазып берген Нұржан Науша-

## Өз ұлдарын Отаны ұмытпайды

**Арқалық қаласында Ауған соғысында қаза тапқандарға ескерткіш орнатылды.**

Арқалық қаласындағы ескерткіштер қатары тағы бір обелискімен толыға түсті. Ауған соғысында ерлікпен қаза тапқан жерлес жауынгерлердің рухына арнап ескерткіш обелискі орнатылды. Биіктігі 6 метр ескерткіш сонау өзге топырақта көз жұмған қаһарман ұлдардың рухын асқақтатып тұрғандай. Гранит түстес плиткамен қапталып жасалған биік қабырғаға қиғаштап ілінген Калашников автоматы осы ескерткіштің бүкіл мазмұнын ашады. Ана сүті аузынан кеппеген өрімдей жастардың тағдыры сол кездегі саясатқа байлаулы еді. Олар интернационалдық борышын өтеу үшін Ауған жеріне аттандырылды, қолына қару алды. Отанды қорғаған аталар ерлігіне қанып өскен ұрпақ бөтен ел болса да тапсырманы орындауға адалдық танытқан еді. Сол үшін өмірін қиды, ерте үсік шалған тау жауқазынындай солды. Ерлік - қашан да, қайда да ерлік. Ерте солған боздақтарын Отаны ұмытпайды.

Ескерткіштің ашылу салтанатына арнайы келіп қатысқан Парламент Мәжілісінің депутаты Бақытбек Смағұл тебірене сөз сөйледі.

- Жат елде жүріп жауынгерлік тапсырманы орындаған, ерлікпен қаза тапқан, кейбіріне туған жерден топырақ та бұйырмаған жерлестеріміздің ерлігі бүгінгі ұрпақты отансүйгіштікке, елдікке, патриоттық сезімге тәрбиелеуге қызмет етеді. Бейбіт өмірдің қадірін білуге ұмтылдырады, -- деді депутат. Ол Ауған соғысынан ұлы оралмаған аналарға көмек қаржы бөлу мүмкіндігі қарастырылып жатқанынан да хабардар етті.

Қаладағы жастардың гүлзар бағынан орын алған ескерткіш «Қазақстан алюминий» акционерлік қоғамының филиалы -- Торғай боксит кен басқармасы ұжымының патриоттық сезімге адалдығын көрсеткендей еді. Әуелде суретші Сайлаубек Едресовтың жасаған нобайын Торғай боксит кен басқармасының төрағасы Виктор Родин бастаған жұмыс тобы жетілдіре түсіп, қайта жасап шықты. Ескерткішке ілінген Калашников автоматын таза шойыннан құйды. Сөз алған Виктор Павлович ескерткішті дайындаудағы қаржы жинауға, құрылысына қатысуға атсалысқан өз ұжымына алғыс білдіре отырып, кен басқармасы жөндеу-механикалық учаскесінің бастығы Юрий Ушаковтың, күрделі құрылыс бөлімінің бастығы Иван Барановтың есімін айрықша атап кетті. Ескерткіш 7,5 миллион теңгеге түсті.

- Кеншілер мүсінші де болып кетті. Біздің азаматтардың патриоттығына қалай сүйсінбессің? «Ауғандықтардың» басына киген бас киіміне, қара жауқазындарға дейін дәл келтірген, зергерлік жұмысты атқарды, -- дейді Арқалық қалалық ауған және локальдық соғыс ардагерлері одағының төрағасы Ғалымжан Ернараров. Обелискінің сол жағына Ауған жерінде қаза тапқан және хабарсыз кеткен боздақтардың, оң жағына соғыста алған жарақаттан елге келіп қайтыс болған жауынгерлер есімі тасқа қашалып жазылған. Мәжіліс депутаты

Бақытбек Смағұл обелискінің жасалуына атсалысқан Виктор Родиннің кеудесіне, Бауыржан Момышұлы атындағы «Батыр шапағаты» медалін тақты. Сонымен қатар батыр атындағы медальмен Арқалық қаласының әкімі Ғазиз Бекмұхамедов пен ескерткішке үлес қосқан «Алюминстрой» ЖШС директоры Абай Мұқановты да марапаттады. Сонымен қатар Ауған және локальдық соғыс ардагерлері одағының төрағасы Мейрамбек Төлекбаев пен Бақытбек Смағұл Арқалық қаласындағы ауған соғысының ардагерлері Тимур Кунаковтың, Ғалымжан Ернараровтың, Қуандық Аяпбергеновтың, Марат Балдықовтың кеудесіне Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Қорғаныс министрі, Ұлы Отан соғысының ардагері Сағадат Нұрмағамбетов атындағы медальді тақты.

Бүгінде Арқалық қаласында ауған және локальдық соғыстардың 30 ардагері тұрып жатыр. Соғыс өртінен көрген олардан артық бейбіт күннің қадірін кім білер. Сондықтан олар жас ұрпақ тәрбиесіне қашан да атсалысып келеді.



# Қазағымның қорғаны толғау



**Ақылбек Шаяхмет**

Тоныкөктің жалғасы.

Кең даланы дүбірлеткен көшпелілер арқасы,  
Бар әлемге танылса егер бүгін Қазақ Ордасы.

Мамыражай заман болып, өтіп жатса сырғып күн,  
Атқа қонып, келген жауды түре қуған кіл мықтың.  
Тізеліні тізерлетіп, басы барды еңкейткен,  
Көне түрік қағанаты – түп қазығы бірліктің.

Алтын орда шеше алмаған күн туғанда түйінді,  
Ақ ордаға қалың қыпшақ аталған ел жиылды,  
Мал көбейіп, жол кеңейіп, сауда-саттық өрістеп,  
Сыянақта сыңарылаған алтын теңге құйылды.

Не десек те, Алтын орда, Ақ орда мен Көк орда  
Жанкештілік көрсете алды, жаншылмады табанға.  
Адал ішіп, тура сөйлеп, билік құрды халыққа,  
Бас имеді, ер кеудесін бастырмады арамға.

Құл-Қожахмет ілімімен негізделген сенімге,  
Ислам діні қанат жайды ұлан-байтақ елімде.  
Шариғатпен сәйкес келіп ұлтымыздың дәстүрі,  
Қасиетті Құран тұрды әр қазақтың төрінде.

Кешегі өткен бабаларым Жетісуды қоңыс қып,  
Деген жоқ па: «ата жаумен арыстандай алыстық!»  
Керуен жолы – Шу мен Талас, Қозыбасы, Түркістан,  
Сыр өңірі көзімізге көрінеді әлі ыстық.

Болашақты болжай білген қыран тектес Керейім  
Хан болғанда асырды вой ел-жұртының мерейін.  
Өріс көңіп, ырыс толып, ел іргесін бекітсе,

Тыңда, балам!  
Бабалардың ай-  
тар болсам мән-  
жайың,  
Бүгін мән де шат-  
танауың тебіреніп,  
толғауың.  
Мәңгілік ел бол-  
сын десең, медег  
тілеп Алладан,  
Ата-баба ісін алға  
апаруға бол дайын!

Гүн мен сақтың,  
көк түріктің  
құрғамаған арнасы,  
Қазақ елі  
– Күлтөгің мен

Еңкеймеген ерлеріме алыс айтпай нә дейін?!

Атам – қазақ, ұраны – Алаш, керегесі ағаштан,  
Қасиетті Түркістанда салтанаты жарасқан.  
Қарашаның қамын ойлап хан мен сұлтан, бай мен би,  
Жаһанамға аттандырды, жауы болса таласқан.

Орыс ханның шөбересі, Барақ ханның текті ұлы,  
Мақсатына жету үшін бос кетпеген көп күні,  
Ұран салып, ұлтты оятып, жігер беріп қазаққа,  
Таққа отырды Жәнібек хан тау жығардай екпіні.

Қазақ ханы өзге жұрттан асырып бар дәулетің,  
Тым-тырақай қылған жоқ па Шайбанилар әулетің.  
Бір жазадан бас шығарып, жеткен болса жеңіске,  
Жібі түзу басшысы бар бола алмайды ел жетім.

Сарайшық пен Ұлытау да хан ордасы болған жер,  
Мейманасы асып-тасып, нәсібесі толған жер.  
Хақназардың бағы жанып, ормандай көп орыстар  
Басын иіп, құлдық ұрып, еліші келіп тұрған жер.

Хан ұрпағы Тәуекел мен Есім, Жәңгір, Тәуке де  
Ханның ісін жалғағаны – ұлтыма зор мәртебе.  
Көктем шыға қызғалдақтар қыр төсінде жайнаса,  
Туған жердің ұлдарын еске алады әр төбе.

«Жеті жарғы» сол дәуірде болған жұртқа төреші,  
Естен кетпес Төле, Әйтеке, Қазыбектің кеңесі,  
Тоқсан нарға жүк болардай қиын-қыстау кезеңде  
Қазағымның жанталасып асқан әрбір белесі.

Тезге салып ел ішінде есер болса мақтанған,  
Жауды көрсе сарбаз жиып, ел қорғауға аттанған,  
Жақынына көмек беріп, мейірімін аямай,  
Алыстағы дұшпанынан алдын ала сақтанған.

Еске түсер қыпшақтарға кеткен сіңіп Жошы хан,  
Атқан оқтан қашамын деп ақсақ құлан шошыған.  
Елдің қамын жеген болса ер қорғаны Едіге,  
Ұлы ордалар басталады Ұлытаудың басынан.

Дешті Қыпшақ, Жошы ұлысы  
тамыр тартса тереңге,  
Қазақ деген ерекше атау естілгенде әр елде.  
Ұлтына ұя сала алмаса, елге қорған болмаса,  
Хандары мен батырларын қоспас еді өлеңге.

Шаршы топта сөз бастаған, қол  
бастаған жасынан,

Күпшек санды күреңді де аямаған досынан,  
Болмас жайды сөз етпеген, жаттың өзін өз өткен,  
Арға тиер сөз болса егер, асырмаған басынан.

Қасқа жолы Қасым ханның, ескі жолы Есімнің  
Қайнары еді қазынамның, сүрлеуі еді көшімнің,  
Жылқыдайын мойынына өлі құрық түспеген  
Кең далада кердең басып, оза шауып, көсілдім.

Үш жүздегі – Жолбарыс пен Әбілқайыр, Қайып хан  
Олардың да күндері жоқ қас жауынан қаймыққан.  
Дұшпандар да жай жатпады, жылан кірді іргедең,  
Олжа тауып қалсам дейтін қазақ жиган байлықтан.

Қалмақ келіп, бұрын-соңды жасапмаған қастандық  
Салдарынан қанды қырғын, шұбырынды басталды.  
Осы кезде атой салып Бөгенбай мен Қабанбай,  
Соңына ерткен елім десе өңірегін жастарды.

Күндер өтті жүрген кейде тілім нанға жарымай,  
Бытыраған ел-жұртының басын қосты Абылай.  
Құдасына қойын сойып, құйрық-бауыр асатып,  
Енді қазақ қосып жейтін болды нанға сары май.

Қазағымның ертеңіне алаң болған күні үшін  
Көңесары қынабынан суырғанда қылышын,  
Ер басына күн туғанда дегені боп дұшпанның,  
Төгіп-шашып алдық, бірақ, ұлтымыздың ырысын.

Еркін, батыл әділетті, бойы биік, еңселі,  
Ұрпақтарым тарихымнан сыр сабақтап көрсе өді.  
Шаршап-талып, аңсап барып олар салған сара жол  
Елдік пен ерлік және имандылық өлшемі.

Жүзін салмай жамандарға, өрге салмай өгізді,  
Сенім артып адамдарға, жұрттың қамын жегізді.  
«Қой үстіне бозторғай көп жұмыртқалар күн туса,  
Жақындатқан сол күндерді хандар болған» – дегізді.

Келімсектер қожа болып малға жайлы қоңысқа,  
Атамекен азып-тозып, бодан болдық орысқа.

«Жыртық үйдің Құдайы бар» деген сөз де рас-ау,  
Сол кезде де ерлер шықты тізігін берген намысқа.

Қарашықтай қорғап жүрген қолдағы асыл барың да,  
Тістегеннің аузыңда, ұстағанның қолыңда  
Кеткен кезде бас көтеріп азаматы Алаштың,  
Тізе қосты, сөз байласты ұлы мақсат жолыңда.

Кезең өтті сан құбылған, талай-талай су ақты,  
Лай балшық былғап бітті тұма, тұнық суатты.  
Аштық болды, қастық болды, қорлық,  
зорлық көп болды,  
Үйін өртеп, жесірлер мен жетімдерді жылатты.

Керсе-дағы көз алартқан көрінгеннің қастығын,  
Бірақ, қазақ қалды сақтап тілін және дәстүрін.  
Арып-ашып келген жұртты құшақ жайып,  
қарсы алып,  
Өзгелерді өгейсінбей, дәлелдеді достығын.

Таласпадық, дәм-тұзды да бірге татып, жарастық,  
«Көппен көрген ұлы той» –  
деп талай қиын бел астық,  
Соғыс пен бейбіт өмір алма-кезек алмасып,  
Тұман күні адассақ та, көппен бірге адастық.

Көшіп-қонып жүрген қазақ кейін дербес ел болды,  
Көршісімен тату тұрып, терезесі тең болды.  
Арман бар ма ұрпақтары бабалардың кешегі  
Енді бүгін жалғастырса осы даңғыл кең жолды.

Айнымаған кешегі өткен хан мен бидің сертіңең,  
Ұлан-байтақ қоңыстарын мекен еткен ел түгел  
Болашаққа сенім артқан, айқындалған мақсаты,  
Бүгін Қазақ – тәуелсіз ел ынтымақты, еркін ел.

Бүгін мән де арайланған нұрлы жолды таңдадым,  
Ата-бабам аңсап күткен орындалды арманым.  
Торқа болсын жатқан жері,  
жәннатта нұр шалқысын,  
Қазағымға қорған болған батырлар мен хандарым!

